Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 21 (1180)

31.05.2024

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ЖЕТІСУЛЫҚ ТҰРҒЫН ЖЫЛЫЖАЙ АШТЫ

АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ӨҢІРДЕГІ АУА РАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ЖЕРКЕПЕ ЖЫЛЫЖАЙЫН САЛЫП, БИЫЛ ОНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗЕ БАСТАДЫ. ЖЫЛЫЖАЙДА ТАМШЫЛАТЫП СУАРУ ӘДІСІ МЕН БИОГУМУС ҚОЛДАНЫЛАДЫ.

Жермен жұмыс істеуге, бақша салып, көкөніс өсіруге бұрыннан бейім жанамалық Ернар Құттыбек биыл ауылдың ішінен 2 сотық жерге жылыжай салып, қияр өсіріп бастады. Алакөл аймағында үнемі соғып тұратын Ебі желінен ық болсын деп жылыжайды жеркепе түрінде салған.

Кәсіпкердің айтуынша, жылыжайдың құрылысына жеке қаражаты мен несие қаражатынан 5 млн. теңге жұмсаған. Нысанның көлемі 20х10 метр, ал биіктігі 4,5 метр, соның 1,5 метрі жер астынан қазылған. Қабырғасы құмды блоктардан көтерілген, шатырына екі қабат пленка жабылған. *«Жылыжайдың осы түріне тоқталғаным, жеркепе өнімді желден қорғап тұрады, қыста жылы, жазда салқын. Іші көмірмен жылытылады»*, – дейді ол.

Көкөністің өнімділігін арттыру үшін құрамында өсімдіктің жақсы өсуіне керекті минералдар мен микроэлементтері бар табиғи әрі қауіпсіз органикалық тыңайтқыш – биогумус қолданылып отыр. Өз қолданысы үшін Ернардың биогумус өсірумен айналысып келе жатқанына 3 жыл болған.

«Әр түпке 500 грамм биогумус жетеді. Соның арқасында өнімділік еселеп өседі, топырақтың құнарлылығы 7-8 есе жақсарады. Қазір жылыжайда тек биогумусты пайдаланып отырғандықтан, қиярларымның шығымы да жақсы», – дейді Ернар.

Тамшылатып суару ауыл тұрғыны қолданып отырған технологияның бірі. Кәсіпкердің айтуынша, ол бұл технологияны алдымен үйінің бақшасында қарбыз өсіруге пайдаланған. Кейін жылыжай салған соң тамшылатып суару лентасын сонда әкеп төсеген.

Сәуір айында сепкен қиярдың өнімін жинап бастағалы он күндей болған. Қазір мұнда 400 түп қияр өсіп тұр. Одан күніне орта есеппен 5 кг өнім жиналуда. Осы маусымда қиярдан екі рет өнім жинау жоспарланып отыр. Бүгінгі күні жаңа піскен өнімдерін жергілікті кафеге өткізіп, ауылдастарына да саудалап отыр. Қиярдың көтерме саудадағы 1 кг бағасы әзірге 350 теңге.

Фермер алдағы уақытта барқытгүл, шырайгүл сияқты гүлдерді де өсіріп көрсем дейді. Сонымен бірге жылыжайды кеңейту үшін «Ауыл аманаты» бағдарламасына да жүгініп көрмекші.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАСПАСӨЗ - 2024

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
1 жылға – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КІТАПХАНАДА

«RESPUBLICA» ПАРТИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАДА «RESPUBLICA» ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫНЫҢ БАСШЫСЫ БАҚЫТБЕК ХАМИД ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ МӘДЕНИЕТ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ.

Кездесуді «Respublica» партиясының Жетісу облыстық филиалының жетекшісі Ришат Асқарбекұлы ашып, жүргізді.

Шырайлы жүздесуде мәдени өмірдегі мәселелер төңірегінде сөз қозғалды. Жазушы-журналист Есболат Айдабосын кітап оқу мен шығаруға қатысты келелі ойын ортаға салды. Осы орайда «Өрімтал» атты жобаны ұсынып, еліміздегі ақындардың балаларға арналған өлеңжырларын жинақтап, басып шығару жайына ұсыныс білдірді.

Кездесу аясында «Respublica» партиясының өкілдері аталған игі бастамалардың басы-қасында бірлесіп жұмыс жасауға ниетті екендіктерін жеткізді.

Г.БАЙМҰХАН.

МАМАН МІНБЕРІ

ҚОЛЖЕТІМДІ АҚПАРАТТЫ КӨПШІЛІК КЕҢІНЕН ПАЙДАЛАНУДА

Қазақстан Республикасындағы сот реформасын одан әрі ілгерілетуге, сот төрелігінің сапасы мен тиімділігін арттыруға, сот жүйесінің ашықтығы мен айқындығына қол жеткізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасын халықаралық құқық нормаларымен және адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттармен сәйкестендіруге бағытталған 2050 Стратегиясын іске асыруға байланысты артып отыр.

Осыған орай, жедел ақпарат алмасудың технологиясы дамыған шақта сотқа жүгінудің инновациялық тәсілдері іске қосылып, ақпараттық технологияларды белсенді түрде қолданудың нәтижесінде бұқараның басым бөлігі сот төрелігіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи жобалардың толықтай игілігін көріп отыр.

Қазіргі кезде соттардың қызметі, сондай-ақ олардың шығарған шешімдері жайлы қолжетімді ақпараттардың ауқымын үнемі кеңейтіп отыру талап етілуде. Іске қатысушы тұлғаларға, тиісті сот ақпаратын пайдаланушы кез келген адамға процестің даму өрісі мен оның нәтижесінің заңдылығы түсінікті болуы тиіс. Яғни, нақты сот қызметіне қатысы жоқ, әртүрлі болжамдар мен жорамалдар жасауға негіздер туындамауы үшін шығарылатын сот қаулылары мен оларды шығарудағы уәждері қоғам үшін қолжетімді ашық болғаны абзал.

Сот жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бағытында белсенді және ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Оның нәтижесі қазір анық көрініп отыр. Бұл сот жұмысының ашықтығын қамтамасыз етіп, қызметті қолжетімді ете түсті және жұмыс жеделдігі де айтарлықтай жақсарды. Айталық, сот кабинеті – электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады. Сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған жүйе бүгінде сіңісіп, сала қызметін оңайлатуда. Осы жүйенің арқасында кез келген азамат немесе оның адвокат тұлғасындағы өкілі немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ Интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады. Аталған қызметтерді электронды сандық қолтаңбасы бар азаматтар ала алады. «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі арқылы сотқа электронды құжаттар беру тәртібін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне оларды қабылдау, тіркеу және өңдеу тәртібін реттейді.

Ержан ЖАНҰЗАҚОВ,
Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы.

АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРМАҢЫЗ

Айыппұл әлемнің көп елінің қылмыстық заңында көптеп қолданылады. Айыппұл төлеу өз бетімен бөлек жазалау шарасы ретінде көптеген жағдайда қолданылады.

Қазақстанда да айыппұлды қолданудың ауқымы жылдан-жылға артып бара жатыр. Мысалға келсек, Әкімшілік Кодекске өзгертулер енгізіліп, жол қауіпсіздік ережесін бұзғандарға қатысты айыппұл мөлшері екі есеге артты. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін ағымдағы жылдан бастап айыппұл түрінде жаза қолдану көзделген. Айыппұл – бұрыннан келе жатқан жаза түрі. Алдында айтылғандай айыппұл дегеніміз – қылмыс жасағаны үшін салынатын, әдетте мемлекет пайдасына өндіріп алынатын ақшалай қаражат. Айыппұл салу өз кезегінде қылмыс жасаудың нәтижесінде мемлекетке немесе жәбірленуші тарапқа келтірілген залалды өтеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес, сыбайлас жемқорлық жасағаны үшін көлемді айыппұл салынады. Айыппұл көлемін анықтаған кезде, әрбір нақты жағдайда оның мөлшері сотталушы жасаған қылмыстың ауырлығына байланысты саралануы қажет. Егер сотталушы сот тағайындаған айыппұлды төлеуден әдейі жалтарса, онда жаза түрі бас бостандығынан айыру секілді анағұрлым ауыр жазаға өзгертіледі.

Ақшалай айыппұлдар құқық бұзушыларды болашақта заң мен мінез-құлық ережелерін сақтауға мәжбүрлеп қана қоймайды, сонымен қатар мемлекеттік бюджеттің қаржылай ресурсын айтарлықтай арттырады.

Айыппұл арқалап кетпес үшін біз жан-жақты қарастырғанымыз жөн. Мәселен, әрбір адам өзінің айыппұлы болса, мемлекет алдында берешегі болса міндетті түрде өтеуі тиіс. Себебі, әрбір қазақстандық азамат елінің болашағы мен келешегін ойлауы тиіс. Сіздің 1 тиын қарызыңыз болса да ол мемлекет алдындағы салығыңыз болып есептелінеді. Сондықтан да әрбір азамат мемлекет алдында қарызсыз, борышсыз жүргені жөн. Біздің басқа Отанымыз жоқ. Бір ғана қасиетті жеріміз бар. Сол еліміздің гүлденіп, дамып, өркендеп өсуі жолында жұмыла еңбек етсек, жас ұрпаққа түзу жол көрсетсек, қарызсыз, айыппұлсыз мәдениетті қалыптастырсақ біздің жеткен жетістігіміз сол болмақ. Ең бастысы, айыппұлдан жалтармаңыз.

Ерасыл СЕЙІТҰЛЫ,
Жетісу облысы өңірлік Жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.

АЙЫППҰЛ

ӘКІМШІЛІК ЖАЗАНЫҢ ЕҢ КӨП ТАРАҒАН ТҮРІ

Жыл сайын әкімшілік жауапкершілікке екі миллионнан астам адам тартылады. Оларға айыппұл салынып жазаланатыны белгілі. Ол әкімшілік істердің 80 пайызында қолданылады. Алайда, тек айыппұл салумен іс бітпейтінін бүгінгі тәжірибе көрсетіп отыр.

Бұл жыл сайын 800 мыңнан астам азамат мемлекеттік органдардың шешімдерін аяқ асты етіп, қазынаға миллиондаған сома қайтармай отыр деген сөз.

Айыппұлдар өтелмеуінің тағы бір себебі мемлекеттік органдардың әкімшілік айып салу туралы қаулыларды мәжбүрлеп орындату жөніндегі жұмыстарды тиісті дәрежеде атқармай отырғандығынан. Атап айтқанда, салық органдары айыппұлдарды өз бетінше мәжбүрлеп орындату мүмкіндіктерін толық пайдаланбайды. Мәселен, Салық кодексі ережелерінде салықтық берешекке қатысты айыппұлдарды өндіріп алуда инкассалық әдістер мен мүліктерді тізімдеу және дебиторлардан өндіріп алу сияқты шаралар кешенін қолдану мүмкіншіліктері ашып айтылған. Алайда, іс жүзінде бұл борышкерлерге пәрменді ықпал етудің мұндай құралдары өз дәрежесінде пайдаланылмай отыр. Әрине, мәжбүрлеп өндіру ісінде соңғы нүктені атқару өндірісі органдары қоятыны белгілі. Өкінішке қарай, айыппұл қайтарудағы олардың жұмысы өз дәрежесінде емес. Айыппұл өндіріп алудың алға баспай отырғаны көп жағдайда сот орындаушыларының әрекетсіздігі мен жұмыстарының беренесіздігінен, сондай-ақ ол үшін жаза белгілеу мен бақылаудың жоқтығынан болып отыр. Мұның бәрі өз кезегінде есеп берулерде түрлі қитұрқылықтарға баруға жол ашатыны сөзсіз. Олардың жаңа қағидаттары, мерзімдері мен қалыптастыру тәртіптерін айқындап алу керек. Осылардың бәрі ақырында мәліметтердің біртұтас банкін құруға мүмкіншілік береді. Бұны біз шартты түрде «Шектеу» деп атап отырмыз. Мұның мағынасы адамдардың құқығын шектеу емес, керісінше құқық бұзушылықтарға шектеу қою дегенді білдіреді. Мұндай мәліметтер банкінің тұғырнамалық негізі мемлекет пен азаматтар арасындағы әріптестік қарым-қатынас идеясын іс жүзінде жүзеге асыру болмақ. Яғни, егер азамат мемлекет алдындағы өз міндеттемелерін орындамаса, онда мемлекет те оған өз қызметін көрсетпейтін болады. Мәліметтердің біртұтас банкіне барлық борышкер жөнінде деректер енгізіледі. Одан кейін олардың кәсіпорын ашуға қандай да бір рұқсат беретін құжаттар мен лицензия алуына, ел аумағынан шығуына, банк несиелерін алуына, мемлекеттік сатып алу конкурстарына қатысуына және тағы басқа шектеу қойылатын болады. Мұндай банктің құрылуы мемлекет қазынасына миллиардтаған айыппұл қаржыларының қайтарылып, сайып келгенде қоғамда құқықтық тәртіптің одан әрі орнығуына алып келетіні сөзсіз.

Даулет АХБАНБЕТОВ,
Жетісу облысы өңірлік Жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

ТРЕБОВАНИЯ К ПДД УЖЕСТОЧИЛИ В КАЗАХСТАНЕ

ТРЕБОВАНИЯ К ПРАВИЛАМ ДОРОЖНОГО ДВИЖЕНИЯ УЖЕСТОЧИЛИ В КАЗАХСТАНЕ, СООБЩАЕТ СЛУЖБА ЦЕНТРАЛЬНЫХ КОММУНИКАЦИЙ (СЦК) ПРИ ПРЕЗИДЕНТЕ.

«Несоблюдение владельцами ПДД, которое зачастую обусловлено их незнанием, приводит к авариям, в том числе с летальным исходом. В этой связи разработан законопроект, в котором закреплены понятие электросамоката, правила передвижения, а также права и обязанности их водителей. Данные меры позволили упорядочить их движение, а у полиции появились конкретные механизмы воздействия на указанную категорию участников движения», — сказано в сообщении во вторник.

Также указывается, что пересечение одинарной сплошной линии приравнивалось к выезду на встречную полосу, скорость автобусов в населенном пункте снизилось до 50 км/ч.

«Учет мопедов, мокиков и скутеров сейчас не ведется, ответственность за нарушения несущественная, всего штраф 3 МРП, Т11 тыс. Предлагается ввести их обязательная государственная регистрация и введение водительского удостоверения категории А1, выдается с 16 лет», — сказал председатель комитета административной полиции МВД РК Кайсар Султанбаев на пресс-конференции на площадке СЦК.

ВАЛЮТА

НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК КАЗАХСТАНА НАЧАЛ ПОЭТАПНЫЙ ВЫПУСК НОВОЙ СЕРИИ БАНКНОТ.

ВЫПУСК НОВЫХ ТЕНГЕ: КОГДА НУЖНО МЕНЯТЬ СТАРЫЕ, РАССКАЗАЛИ В НАЦБАНКЕ

Как долго будут действительны нынешние купюры, в кулуарах Сената рассказал заместитель председателя Нацбанка Акылжан Баймагамбетов, передает корреспондент Tengrinews.kz.

В декабре прошлого года вышли в обращение пятитысячные банкноты новой серии «Сакский стиль». Этим летом года планируется выпуск банкноты номиналом 10 000 тенге, в связи с чем журналисты поинтересовались: как долго будут действительны старые купюры?

Отвечая на вопросы, Баймагамбетов заверил: бежать и сдавать нынешние купюры не требуется.

«Известно, что мы не ограничиваем время обмена этих купюр — в этом плане можно в любое время обратиться. И бежать, что якобы нужно в течение одного дня все это сделать, это неправда», — сказал зампред Нацбанка.

Ранее мы писали о том, что в Казахстане планируют заменить все банкноты от 500 до 20 000 тенге.

СЛОВО О ДРУГЕ!

УСПЕХОВ ТЕБЕ, НОВОИСПЕЧЕННЫЙ АДВОКАТ!

Я, Маулена знаю уже давно и у нас сложились дружские отношения на долгие годы. Поэтому, я хорошо помню как он продвигается по служебной лестнице. Его отличает целеустремленность для достижения намеченных цели и огромное желание добиваться хороших результатов в своей работе. Если взглянуть на послужной список трудовой деятельности М.Ержанова, то можно убедиться он уже прошёл большой путь юриста. Чтобы не быть голословным расскажем немного о Маулене Ержанове.

Маулен Ержанович Ержанов, родился 27 июля 1994 году в городе Талдыкорган Алматинской области. 2012 году окончил №19 школу казахскую гимназию им.М.Жумабаева в г.Талдыкорган получил аттестат о среднем образовании. 2016 г. окончил Жетысуский государственный университет им И.Жансугурова по специальности: «Юриспруденция», а 2021 г. окончив этот же университет получил степень магистра юридических наук. Проходил курсы подготовки военно-обученного резерва по специальности «стрелок» слушатель курса специального первоначального обучения МВД РК учебного центра им Б.Момышулы по категории стажеры на должности рядового и младшего начальствующего состава ОВД. Он является автором многих статей правового характера, стаж на государственной службе более 7 лет.

Маулен Ержанов свою трудовую деятельность начал 2016 году в государственном учреждении в управлении специализированый службы охраны Алматинской области Министерство внутренних дел Республики Казахстан на должности постовой полиции.

Работал в судебной администрации на разных должностях как ведущий специалист Енбекшиказахского районного суда Алматинской области, главный специалист секретарь судебного заседания специализированного межрайонного суда по уголовным делам Алматинской области, ведущий специалист управление документационного обеспечения администратора судов по Алматинской области, судебный пристав специализированного межрайонного суда по делам несовершеннолетних №1 Алматинской области, главный специалист-секретарь судебного заседания специализированного межрайонного административного суда Алматинской области, главный специалист и.о руководителя отдела внутренней безопасности по предупреждении коррупции в судах по Алматинской области, главный специалист-секретарь судебного заседания специализированного межрайонного суда области Жетісу, главный специалист по работе с общественностью и СМИ официальный представитель пресс-службы специализированного межрайонного суда по уголовным делам области Жетісу.

Прошел год стажировку в коллегии адвокатов Алматинской области и 2024 году вступил в колегию адвокатов области Жетісу. В настоящее время государственный правозащитник АДВОКАТ по уголовным делам. Одним словом, с начала года начал свою трудовую деятельность в адвокатской сфере. Я уверен, что и здесь новоиспеченный адвокат покажет себя грамотным и способным человеком. Его контактный телефон 8 777 745 75 77 (WhatsApp) maulen_advokat@mail.ru.

Даулет КУЛУМБАЕВ,
руководитель филиала
области Жетісу
республиканского
общественного
объединения «Әділдік жолы».

СИТУАЦИЯ

ОСВОБОДИЛИ ОТ ПРОМЕЖУТОЧНЫХ И ИТОГОВЫХ ЭКЗАМЕНОВ

Школьников трех областей Казахстана освободили от промежуточных и итоговых экзаменов. Более 3,5 тыс. школьников из пострадавших от паводков регионов освободили от промежуточных и итоговых экзаменов. Об этом сообщил министр просвещения нашей страны Гани Бейсембаев, передаёт BaigeNews.

В их числе обучающиеся Атырауской, Актюбинской и Северо-Казахстанской областей. Для них итоговая оценка выставляется на основе годовых оценок.

Напомним, итоговые экзамены выпускников 9-х и 11-х классов пройдут с 29 мая по 11 июня.

Впервые для учащихся 5–8, 10 классов с целью оценки уровня владения казахским языком проведут промежуточные экзамены по казахскому языку.

2023–2024 учебный год завершено проведением Единого классного часа «Білімім — Отаныма». 25 мая состоялось мероприятие, посвященное выпускникам школ «Мектебім, саған мың алғыс!».

Торжественная церемония вручения аттестатов назначена на 12—15 июня.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

«ЕРКЕК ҮЙДІҢ ЕГЕСІ, ӘЙЕЛ ҮЙДІҢ ШЕГЕСІ»

ОТБАСЫНЫҢ ТАТУЛЫҒЫ, БЕРЕКЕ-БІРЛІГІ, БАҚЫТТЫ БОЛУЫ ӘР АДАМ ҮШІН ҮЛКЕН МАҢЫЗҒА ИЕ. ТІПТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҮШІН ДЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ БАСЫМ МӘСЕЛЕ. БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ШАҢЫРАҚТЫҢ ШАЙҚАЛУЫ ЖАС ТАЛҒАМАЙТЫН ДӘРЕЖЕГЕ ЖЕТТІ. ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АЯҚҚА ТАПТАЛУДА. БҮГІН ҚОСЫЛЫП, ЕРТЕҢ АЖЫРАСЫП ЖАТҚАН ЖАСТАРДЫҢ БІРІН-БІРІ КІНӘЛАУЫ БЕЛЕҢ АЛЫП БАРАДЫ.

Екі ортада көздері жәутеңдеген тірі жетімдер психологиялық соққы алуда. Қазақтың «еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» тәмсілі тасада қалды. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған ана мен баланың зарынан құлақ тұнады. Қоғамды алаңдатып тұрғаны да осы гендерлік саясат.

Сананы улап, ұлттық кодымызды бұзып жаншыған батыстық идеология қазақ қоғамын жалындай шарпыды. Жаһанданудың жұтқыншағына жұтылып, ұлымыз «қызтеке», қызымыз «еркек шора» болып шыға келді. Мұның сыртында әлеуметтік желідегі түрлі керағар көріністер, анайы-жабайы тағылымдар жасты да, жасамысты да тәубесінен жаңылдырды. Үлкеннің алдынан қия өтпейтін, кішіге ізет көрсететін әдеп пен ғұрып ескінің сарқыншағы саналды. Ата-ананы ардақтау, қарияға құрмет көрсету үрдістері қазақи тәрбиені, салт-дәстүрді жаһандану деген жалмауыз жұтып қойды. «Қағынан жеріген құландай» ойнақтап жүріп от басқандар өз перзенттерін қара жолдың бойына, әжетханаға тастады, одан зорлық-зомбылық көрсетіп қиянат жасаса, бағып-қаққан ата-аналарына дөрекі сөйлеп, қол көтеріп, қартайғанда қарттар үйіне тоғыта салу, қаңғытып жіберу белең алды. Екі күннің бірінде адам жаны түршігетін, айтуға аузың бармайтын, көруге көзің шыдамайтын сұмдықтарды көгілдір экран мен әлеуметтік желі жариялап жатады. Әсіресе, әйел қауымы мен бесіктен белі шықпаған балаларға көрсетіліп жатқан зорлық-зомбылықты айтуға мәжбүр болып отырмыз. Тіпті ашық сот жүйесін өткізіп, экс министр Қуандық Бишімбаевтың қолынан қаза тапқан азаматтық некедегі Салтанаттың құрбан болуы әлеуметтік желі арқылы шартарапқа тарады. Отбасын ойрандағандардың тізімі мұнымен бітпейді. Шет мемлекетте елшілік қызметте жүрген күйеуінен тағы бір азаматша он жыл бойы зорлық-зомбылық көргенін айтып Мемлекет басшысынан көмек сұрады. Отбасы туралы заң қатайды, әйелге қол көтергендер ауыр қылмыс жасағандар санатында ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылатын болды. Отбасының тәлім-тәрбиесі, жанұяның ынтымағы жайлы идеологиялық жұмыстар жандануда. Үлгілі отбасылардың байқауы жылда ұйымдастырылып келеді. Ерлермен иықтасып отбасын, кәсібін жандандырып отырған нәзік жандылар туралы бейнесюжеттер, мақалалар жарық көруде. Отбасының күнгейі мен көлеңкесін сараптай отырып біз Ескелді ауданындағы кәсіпкер әйелдер мен «Алтын алқа», «Күміс алқа» және зорлық-зомбылыққа ұшыраған нәзік жандылар туралы мақаланы оқырман назарына ұсынып отырмыз. Кәсіптен нәсіп тауып, отбасының берекесін айрандай ұйытып отырғандардан жас отбасылар өнеге алса құба-құп. Ескелді ауданы көлемінде 3 797 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі бар. Оның ішінде 211 орта кәсіпорын, 1 620 жеке кәсіпорын, 1 946 жеке шаруа қожалығы бар. Аталған кәсіпорындарда 6 124 адам жұмыс жасаса, жеке кәсіппен айналысатындардың 60 пайызын әйелдер құрайды. Әйелдер көбінесе ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, қонақ үй бизнесі, сауда ісі, шаштараз және тағы басқа кәсіпкерліктің барлық саласында жұмыс істеуде. Жергілікті билікпен өзара қарым-қатынас деңгейін күшейтуде жас кәсіпкерлерге қолдау білдіру үшін атқарушы билік қоян-қолтық жұмыс жасайды. Кәсібін дөңгелетіп, халыққа пайдасын тигізіп жүрген беделді әйелдердің барын аудан әкімдігі мақтанышпен айтады. Мәселен, Қарабұлақ ауылындағы жолаушылар тасымалын ұйымдастырып жүрген «Тасымал» ЖШС-нің директоры Жолдагутова Жанат Сақыпжамалқызы, Қарабұлақ ауылындағы «Витязь» дүкендер желісінің басшысы Хильниченко Мая Ивановна, Қайнарлы ауылындағы «Черкашина» шаруа қожалығының басшысы Черкашина Зинаида Евгеньевна, Бақтыбай ауылында жаңа «Диас» балабақшасын ашып, ел игілігіне қызмет жасап жүрген Арайлым Раисова сияқты беделді азаматшалар бар.

– *Осы азаматшалардан басқа шағын кәсіпкерлікте жұмыс жасайтындардың басым бөлігі әйелдер. Сонымен қоса жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп жүр. Әйел кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі өте жоғары, олар белсенді түрде қайырымдылықпен айналысып жүргендер*, – дейді аудан әкімі Мұрат Мұхтарұлы Бектұров.

Аудан бойынша ҚР Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы арқылы жыл басынан: Жастар практикасына – 11 азаматша, Алғашқы жұмыс орнына – 10 азаматша, Әлеуметтік жұмыс орнына – 21 азаматша, Күміс жас жобасына – 28 азаматша, Қоғамдық жұмыс орнына – 251 азаматша, Тұрақты жұмысқа – 71 азаматша жіберілген. «Алтын алқа» – 273, «Күміс алқа» – 497. Барлығы – 770 әйел бар. Қоғамда үлкен резонанс тудырған зорлық-зомбылыққа қатысты аудан әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жоспарлы түрде жұмыс істеуде. Ауданда өткізіліп жатқан кез келген іс-шараның басында әйел азаматтар жүретінін, гендерлік саясатты жүзеге асыру әйелдердің және балалардың құқықтарын қорғау, әйелдердің бастамаларын қолдау мақсатында үлкен жұмыстар атқарылуда.

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және зорлық-зомбылықтан жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық іс-шаралар мерзіміне сай атқарылады. Аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері «Ескелді ауданының әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, әйелдердің құқығын қорғау бағытында консультативтік және психологиялық көмек түрлерін көрсетуде. Бұл бағытта жыл басынан бері тұрғындардың қатысуымен 10-ға жуық кездесу өткізілді.

Аудан әкімі Мұрат Мұхтарұлының сөзінше, Ескелді аудандық Аналар кеңесі және Ақсақалдар кеңесі «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат» бағытында көптеген маңызды іс-шараларды аудандық комиссиямен бірігіп атқаруда. Аналар кеңесінің мүшелері және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен бірігіп жастар арасында отбасылық құндылықты насихаттау және отбасылық дәстүрлерді дәріптеу бағытындағы жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Жыл басынан бері жастардың қатысуымен 10-ға жуық кездесу өткізіліпті.

Сондай-ақ, аудан басшысы Ескелді ауданында бір аудандық және он бір ауылдық Аналар кеңесі, бір аудандық және он бір ауылдық Ақсақалдар кеңесі құрылып жұмыс істеуде екенін де тілге тиек етті. Айтуынша, әр ауылдық округте кеңес төрағалары сайланған. Жұмыс жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Отбасылық құндылықты насихаттау және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар алдағы уақытта да жүзеге асырылмақ.

Отбасының бүтіндігі – мемлекеттің бүтіндігі. Әйел – ердің қабырғасынан жаралғандығы жайлы Құран кәрімде айтылады. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу – әрбір ата-ананың міндеті. Баланың көзінше әйелге жәбір көрсету еркектің ерсі әрекеті. Көптеген отбасында бала тәрбиесінің ақсауы жанұядағы ауыз бірліктің жоқтығынан. Қазақтың «Ұлың өссе, ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол» деген текті де тергеуінді тәмсілі бар. Отбасы тұрмақ, құдай қосқан көршімен тату-тәтті тұру қасиетті Құранда да жазылған. Сондықтан зорлық-зомбылыққа қарсы тұру тек заңмен ғана шектелмейді. Мұны әрбір отбасындағы отағасы мен отанасы жете түсінулері керек. Әсіресе жас отбасыларға байырғы бабалардың тағылымды тәрбиесін бүгінгі заманмен ұштастырып, «ескіні елеп, жаңаны жаңғыртып» тұру үлкен міндет.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САПАЛЫ ҰРПАҚҚА САПАЛЫ БІЛІМ КЕРЕК

ҚОҢЫР КҮЗДЕН БАСТАП МАМЫР АЙЫНА ДЕЙІН ОҚУДАН БАС АЛМАҒАН МЕКТЕП БІЛІМГЕРЛЕРІ ҮШІН ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС БАСТАЛДЫ. АЛ ЖЫЛ БОЙЫ БЖБ, ТЖБ ТАПСЫРЫП АЛҒАН БІЛІМ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ШАМАЛАҒАН ОҚУШЫЛАРДАН БӨЛЕК, МЕКТЕПТІ БІТІРЕТІН ТҮЛЕКТЕРДІ ТАҒЫ БІР СЫНАҚ КҮТІП ТҰР. ОЛ – ҰБТ.

«Оқысаңыз балалар шамнан шырақ жағылар, Тілегенің алдыңнан іздемей-ақ табылар» деп ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсарин айтқандай, алдарына арман-мақсат қойған жас түлектер қобалжулы. Бәрінің сынақтан сүрінбей өтіп, жоғары білім алғылары келеді. Бағы жанғандардың жұлдызы жарқырайтын сәтте алыс емес.

«Білім – инемен құдық қазғандай» деп мың жерден тәмсілдесек те бүгінгі қоғамда оқыған бала өрден көрініп, көптің қатарында ғана жүрген түлектердің барын ешкім жоққа шығара алмайды. Мемлекет саналы ұрпақтың сапалы білім алуына барлық жағдайды жасауда. Нарық қағидасына орай жекеменшік жүйе білім және денсаулық саласына да енді. Бай мен кедей, орта топ деп үш топқа бөлінген бүгінгі қоғамда балабақша мен мектеп әлеуметтік саланың қатарында. Жекеменшік балабақша, жекеменшік мектеп, жекеменшік жоғары оқу орындары мемлекеттік мекемелермен иық тірестіріп тұр. Қолы жеткендер балаларын ақылы мектептерде оқытуда. Мемлекеттік білім ордаларымен ақылы оқу орындарының арасындағы бәсеке де қыза түскен. Алайда, зеректігімен танылған түлектер қай оқу орындарында оқыса да озаттығымен көзге түсуде. Бұл мектеп және ата-ана, аудан, қала, облыс үшін үлкен абырой. Өйткені ауданның, қаланың, облыстың экономикасының өрлеуі еленіп-екшелгенде оның әлеуметтік саласы, мәдениет, білім, денсаулық тағы басқа да нысандары толық қамтылып сараланады. «Білімді мыңды, білекті бірді жығады» деген аталы сөз білім саласына қаратып айтылған. Атом мен техника дамыған заманда білімділердің дәуірі болып тұр. Түрлі технологиялардың өндіріс орындарына енгізілуі, электронды жүйеге ауысып, адам қолымен атқарылатын тетіктер роботтардың немесе түйме басу арқылы атқарылып жатқан жұмыстардың барлығында білімділердің, өнертапқыштардың қол жеткізген жетістігін көруге болады. Ол үшін әр мемлекет басты бәсекелестікті білім жүйесіне зер салып, озық үлгіде білім ғимараттарын жасақтауда. Қазақстан тәуелсіздік алған отыз үш жылдың ішінде білім саласына сан түрлі реформалар жасалды. Оның озығынан тозығы көп болғанын да жасыра алмайсыз. Батыстың білім жүйесіндегі кей реформаларды көшіріп ала қоямыз деп опық жеген тұстарымыз да аз болған жоқ. Білім саласына келген министрлер де реформа жасап жарысты. Оның зиянын әлі күнге тартып келеміз. Қалай десек те әлі толыққанды бірізге түсіп кете алмаған Қазақстандағы білім саласы бәсекелестікті, білімділікті, біліктілікті арттыруға күш салуда. Біз өткен жолы мақаламызда Ескелді ауданындағы білім саласының жайын жазғанбыз. Бұл жолы кезек Көксу ауданына түсіп тұр.

«Ауданда 2024 жылғы оқу жылын 7 749 оқушы бітіреді деп күтілуде, оның – 443-і мектеп бітірушілер. Осы түлектердің арасында «Алтын белгіге» – 28, «қызыл аттестатқа» – 41 түлек үміткер. Өткен жылғы (2022-2023) оқу жылын 445 түлек бітіріп, 329-ы ЖОО-на оқуға түссе, оның 262-сі мемлекеттік грант иеленіп, 21-і шет мемлекеттердегі жоғарғы оқу орындарына түскен. 52 түлек арнаулы орта білім беру мекемелеріне (колледждерге) оқуға түсіп, 31-і мемлекеттік грант иегері болды», – дейді аудандық білім бөлімінің басшысы Күзбаев Қуат Жұмағұлұлы.

Жалпы аудан көлемінде – 25 білім ошағы болса, оның ішінде 13 орта, 1 – негізгі орта, 1 – бастауыш мектеп бар. Қазағы басым ауданда 19 – қазақ, 6 – аралас мектеп. Ауданның жалпы білім беретін мектептерінде барлығы 1 078 педагог қызмет етеді, оның ішінде 1 038 (96,2%) жоғары білімді, 40 (3,8%) – арнайы орта білімді. Олардың санатына мән берсек, педагогтардың жалпы санынан 3 – жоғары, 2 – бірінші, 4 – екінші, 469 – педагог-модератор, 382 – педагог-сарапшы, 103 – педагог-зерттеуші, 1 – педагог-шебер квалификациялық санатты мұғалім. Білім бөлімі басшысының айтуынша, педагогтардың жоғары, бірінші, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер санаты барлық педагогтың 45,5%-ын құрайды. Мұғалімдердің білім берудегі елеулі еңбегі мектеп түлектерінің түрлі олимпиадалық жарыстардағы жетістіктерінен айқындалады. Сол арқылы аудандағы қай мектептің озық және қалыс қалғаны сараланып жатады. Мұғалімнің шеберлігі, іс-тәжірибесінің көрнектілігі де шәкірттердің білім деңгейімен өлшенеді. 2023-2024 оқу жылында Көксу ауданы білім алушыларының олимпиадалар мен байқаулардың республикалық, облыстық кезеңдерінің жеңімпаздары туралы мәліметке көз сүзсек, 5-6-сынып оқушыларына арналған республикалық пән олимпиадасының нәтижесі бойынша Қ.Жапсарбаев атындағы ОМ 5-сынып оқушысы Ұлағат Нұрәділқызы жаратылыстану пәнінен III орын; 9-11-сынып оқушыларына арналған республикалық пән олимпиадасында Қ.Жалайыри атындағы ОМГ 11-сынып оқушысы Гүлжихан Ерденбек орыс тілі пәнінен I орын иеленді.

Ауыл мектептеріне арналған республикалық олимпиаданың нәтижесі бойынша Қ. Жалайыри атындағы ОМГ 11-сынып оқушысы Жалғас Кульджақан математика пәнінен I орын; М. Құрманов атындағы № 2 ОМ 11-сынып оқушысы Аяла Нұрлыбек физика пәнінен II орын, Қ.Жалайыри атындағы ОМГ 11-сынып оқушысы Нұрдина Басеп қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен II орын; Қ. Жалайыри атындағы ОМГ 11-сынып оқушысы Жансерік Нұрланұлы химия пәнінен III орын алды.

Ал 10-11-сынып оқушыларына арналған «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінің нәтижесі бойынша Қ.Жалайыри атындағы ОМГ 11-сынып оқушысы Жалғас Кульджақан математика пәнінен I орын иеленді. Түрлі байқаулар бойынша республикалық кезеңде З.Тамшыбай атындағы ОМ 10-сынып оқушысы Жәнәбіл Қания республикалық «Яссауи тану» байқауының III орын жеңімпазы атанды.

Аудан бойынша 25 мектептегі білім сапасы бойынша Қ. Жалайыри атындағы ОМГ алдыңғы қатарда.

Елді мекендердегі мектептегі кадр мәлесі қалай шешілуде, мемлекеттік «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша қанша (кадр) педагог тартылды? Мұғалімдердің тестілеу бағыты қалай жүзеге асырылуда? Осы сауалдарымызды аудандық білім бөліміне жолдағанбыз. Жолданған сауалдарға орай білім бөлімінің басшысы Қуат Жұмағұлұлы былай дейді: *«№ 12 ОМ математика, Жеңіс ОМ мен Жетіжал ОМ арнайы мамандар (педагог-логопед) жетіспейді. Осы мәселені шешу үшін еңбекті ынталандыру және жас мамандарды ұстап қалу тетіктерін жетілдіру қажет. Әсіресе жыл сайын шалғай ауылдардағы маман тапшылығын шешу үшін аймақтағы ЖОО өткізетін «Бос орын жәрмеңкесіне» қатысып отырамыз. Еңбек.кз порталына бос орындарға конкурс жариялаймыз. 2023 жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында республикалық бюджет есебінен 36 жас маман көтерме жәрдемақы алып, 17 жас маман тұрғын үй алуға несие алды».*

Ал мұғалімдерді тестілеуге қатысты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына сәйкес 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығы негізінде аудан бойынша аттестаттаудың бірінші кезеңінен 139 педагог өткен. Сондай-ақ, 2023-2024 оқу жылының басында 2 мектептің жаңа ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілген. Олар Бесқайнар және Қазақстанның 10 жылдығы ауылындағы 120 орындық мектеп. 2023-2024 оқу жылына 2 мектеп ғимараты бейімделген. Олар – Жеңіс негізгі мектебі және Қаратал бастауыш мектебі. Қаратал ауылында 120 орындық жаңа мектеп ғимаратының құрылысы жүргізілуде, аяқталу мерзімі 2024 жылғы шілде айына жопарланған. Мектеп түлектері алаңсыз білім алуы үшін мемлекет бар мүмкіндікті жасауда.

«Соңғы жылдағы талдау көрсеткендей, аудан мектептерінде оқу үлгерімі, білім сапасы артып, оң динамиканы көрсетуде. Мұның бәрі жұдырықтай жұмылып еңбек етудің нәтижесі. Педагог қызметкерлерді қолдау, қолпаштау мақсатында ауданда ардагер және озық тәжірибелі ұстаздардан «Кәсіби педагогтар орталығы» құрылып, жұмыс атқаруда. Жоғарыда Республикалық, облыстық түрлі байқауларда білімдерін сарапқа салған түлектер жайлы айттық. Соның ішінде ауыл мектептеріне арналған облыстық байқауларда оза шапқан түлектеріміз де баршылық. Біз олармен мақтанамыз. Сапалы білім алған ұрпақ, өнегелі, білімді, білікті болғанын қалаймыз. Бұл жолда түрлі реформаларды бастан кешіп келе жатқан ұлағатты ұстаздардың да өлшеусіз еңбектері бар. Ең басты мәселе, қайталап айтайын, «іс тетігін кадр шешеді» деп кеңестік жүйеде айтылған әрі кадр саясатын оңтайлы шешкен сол дәуірдің озық үлгісі білім ошақтарына ауадай қажет», – дейді Көксу аудандық білім бөлімінің басшысы Қуат Күзбаев. Бұл толғақты мәселеге біздің де алып қосарымыз жоқ. «Алты Алаш бас қосса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп марқасқа ақын Мағжан Жұмабаев айтқан-ды.

А. БҰЛҒАҚОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 3 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан»
таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.10, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Әскери ант
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Апта сараптамалық бағдарлама
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00:45 «Ашық алаң» ток-шоу
01.35 «Сана»
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. «Начни сначала»
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Біздің назарда»
10:30 мультфильм
11.45 Мультсериал
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Вкус счастья»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.35 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
12.50, 23.30 Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.40 «Жұлдызбысың?»
14.50, 00.10 Сериал «Склифософский-6»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Свет и тень» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.05 «Давай поженимся!»
12.00 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Дельфин»
00.10 Ночной кинотеатр
01.15 «Охота на изюбря»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05, 05.05 «Әнім сен едің»
07.55 04.20 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
11.00 «Парад юмора» ш/п
12:40 «Золотая парочка» мелодрамма
15.00 Т/х «Өртенген сезім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
01.40 «Золотая парочка»
03:10 «Дау-дамайсыз
03.55 кешкі жаңалықтар қайталау
05:10 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Сапарлайық»
09.30 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Ел іші - өнер кеніші»
11.00 «Шіркін-ай»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Ділмар»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Өзекжарды»
13.30 «Менің балалық шағым»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ойсарап»
17.00 «Әсем әуен»
17.45 «Құтты қонақ»
18.00 «Елге қызмет»
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Жетісу-спорт»
19.00 «Бес қару»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 Әзіл студио
07.00 «Ризамын»
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 Ханзада жумонг
12.40 Тик-тоу шоу
13.10 Кино. «Робокоп»
15.50 Кино.
17.50 13 район ультиматум
20.00 информбюро
21.00 Кино
23.20 Ханзада Жумонг
01.40 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 «әзіл студио»
04.20 1001 әзіл
04.30 бала батл
05.00 ватсап
5.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05:10 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
08.30 Мультфильм
10:00 сериал «Вы мне подходите»
14.20 әзіл тайм
15.00, 17.00 «Бизнес по-казахски»
19.00 жар-жар
20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
22.00 Т/х
00.00 КТА
01.50зың-зың Күлпәш
03.50 келесі кім?
05:12 Үзіліс

Сейсенбі - Вторник, 4 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05 «Жәдігер» д/ф
06.30, 04.10 «Тіршілік»
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 01.55 «Ақпарат»
10.00, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті», реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Ақорда
15.30 арнайы жоба
15.50 «Көк паспорт»
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
23.50 Футбол
02:30 «Ашық алаң» ток-шоу
03.20 «Тату-тәтті» реалити шоу
04.50 Әнұран

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. «Начни сначала»
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Народный контроль»
10:30 мультфильм
11.40 Мультсериал
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Послушная жена»
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.50 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
12.50, 23.30 Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.40 «Жұлдызбысың?»
14.50, 00.10 Сериал «Склифософский-6»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Свет и тень» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 между двух огней
14.00 новости
14.15 жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Дельфин»
00.15 Ночной кинотеатр
01.15 «Охота на изюбря»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 кешкі жаңалықтар
07.55 04.20 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.40 вечерние новости
09.15 было дело
10.10 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
11.00 «Парад юмора» ш/п
13:40 «Маруся»
15.00 Т/х «Өртенген сезім»
15.35 Өртенген сезім
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
01.40 «Игры детей старшего возраста»
02.30 было дело
03:15 «Дау-дамайсыз
03.55 кешкі жаңалықтар қайталау

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ел мен жер»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Елге қызмет»
12.30 «Баспасөзге шолу»
13.00 «Бес қару»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Менің арманым»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Мейірімсіз ұл»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Табыс кілті»
19.30 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 әзіл студио
07.00 информбюро
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 «Ханзада Жумонг»
12.40 Тик-ток шоу
13.10 кино
15.20 Кино
17.30 кино « Случайный шпион»
20.00 Информбюро
21.00 Кино
23.20 «Ханзада Жумонг»
01.40 «31 әзіл»
02.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04 .30 бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05:10 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
06.30 Жұлдыздар шеруі
08.30 Мультфильм
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «Бизнес по-казахски»
14.00, 19.00 жар-жар
15.00 «Бизнес по-казахски в Африке»
17.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
22.00 Т/х
00.00 КТА
01.50 «зың-зың Күлпәш»
04.00 келесі кім?
05:22 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 5 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 00.10 «Ақпарат»
10.00, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті» реалити шоу
15:15 Отандастар
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
00.20 футбол
03.00 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. Пәленшеевтер-2
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Культурный контекст»
10:35 мультфильм
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «послушаная жена»
18.00 Новости
18.20 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15, 21.55 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.50 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
12.50, 23.20 Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.40 «Жұлдызбысың?»
14.50, 00.10 Сериал «Склифософский-7»
17.10 Айтарым бар
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Свет и тень» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Жить здорово!»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 худ.фильм «между двух огней»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Дельфин»
00.15 Ночной кинотеатр.
01.15 «Охота на изюбря»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 04.20 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.40 Вечерние новости
09.15 Было дело
10.00 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
13.40 «Маруся»
15.35 Т/х «Өртенген сезім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.35 «Вскрытие покажет»
01.40 «Игры детей старшего возраста»
02:30 Было дело
03:15 «Дау-дамайсыз»
03:55 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Мейірімсіз ұл»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Табыс кілті»
13.30 «Шіркін-ай»
14.20 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жас тілші»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Әсем әуен»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 Әзіл студио
07.00 «Информбюро
08.00 Тик –ток шоу
08.00 «Маша и медведь»м/с
09.00 Ханзада Жумонг
12.00 Кино.
14.40 Кино.
17.20 Кино.
20.00 Информбюро
21.00 Кино «работорговля»
23.00 Ханзада Жумонг
01.40 31-әзіл
03.00 тайм вайн
03:20 Тик ток шоу
03.40 Ватсап
04.00 әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.00 ватсап
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
06.30 жұлдыздар шеруі
07.30 т/х
08.30 Мультфильм
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12:00 Бизнес по-казахски в Корее
14:00, 19.00 жар-жар
15.00 Бизнес по-казахски в Турции
17.00 т/х «Великолепный век. Хюррем»
19.30 д/ф
22.00 т/х
23.00 «Нити судьбы»
00.00 КТА
02.00 зың-зың Күлпаш
04.00 келесі кім?
05.22 үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МЕРЕЙ

ЕҢБЕКТЕ ЕКПІНДІ, ЖАНҰЯДА ҚАДІРЛІ АНА

БІЗ, САРҚАН АУДАНЫНЫҢ АБАЙ АУЫЛЫНДА ТУҒАН АҒАЙЫНДЫ БІР ҰЛ МЕН АЛТЫ ҚЫЗ, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ МЕН ТЫЛ ЕҢБЕККЕРІ НҰРҒАЛЫМ ДҮЙСЕНБЕКОВ ПЕН ЗҰЛҚИЯ МҰҚАШҚЫЗЫНЫҢ АРҚАСЫНДА БІЛІМ МЕН ТӘЛІМ АЛДЫҚ. ЕШҚАЙСЫМЫЗ МАРҚҰМ АТА-АНАМЫЗДЫҢ АТАҒЫ МЕН АБЫРОЙЫНА КӨЛЕҢКЕ ТҮСІРГЕН ЕМЕСПІЗ. СОЛ АЛТЫ ҚЫЗДЫҢ ҮЛКЕНІ СОВЕТАЙ ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ МАУСЫМЫНДА 75 ЖАСҚА ТОЛАДЫ.

Әпкеміздің өмірі мен еңбек жолы, отбасындағы тұрмыс тіршілігі бізге үлгі-өнеге. Ол отағасы Болат Бисұлтанұлымен жарасып, дәлірек айтқанда 56 жыл некелі ғұмыр көшінде келеді. Ерлі-зайыптылар үш ұл, бір қызды жеткізіп, немерелі-шөберелі болды. Немерелерінің алды әр салада еңбек етіп, білім алуда.

Әпкеміз Советай Нұрғалымқызы Талдықорған мед училищесінің Сарқан қаласындағы филиалын 1968 жылы тәмамдап, әуелде қызметін Ақсу мен Қапал аудандық ауруханаларында, мұнан әрі Талдықорғандағы тері – венерология диспансерінде жалғастырды. Сөйтіп, 40 жылдық еңбек өтілімен зейнеткерлер қатарына қосылды. Атамыз қазақ: «Еңбек адамның – екінші анасы» деген ғой, өзінің сүйікті мамандығын ұзақ жыл адал атқарғаны ескеріліп, әпкемізге Кеңестік дәуірдің «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалі тапсырылды. Қатардағы медбикеден диспансердің бас медбикесіне дейін көтерілді. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы кезінде алған Құрмет грамоталары, Алғыс хаттары, әртүрлі құттықтаулары да баршылық. Еңбек ете жүріп, бала-шағасының білімі мен тәрбиесіне отағасымен бірлесе мән берді. Бұл бағыттағы маңдай терін ұрпақтары бағалай білді.

Біздің әпкеміз бен жездеміздің тұңғыш ұлы Ерлан әскери міндетін Ауғанстанда, екінші ұлы Нұрлан Таулы Қарабақта, ал Ержан Германияда Кеңес мемлекеті жығылған жылы атқарып, үшеуі де қаруластары қатарлы қауіпті жағдайда аман-сау Отанына оралды. Бұл күндері өздерінің жанұясында ұрпақ өсіріп, қызметтерін атқаруда.

Осыған орай Советай ержүрек ұлдардың анасы ретінде «Таулы Қарабақ ардагерлері мен мүгедектерінің Республикалық одағы» қоғамдық бірлестігінің «Жауынгерлік әрекеттерге қатысушының Анасы» медалімен марапатталды. Ауғанстандағы шайқастың бел ортасында танылған Ерланның омырауында бірнеше жарқыраған мемлекеттік мерекелік медальдар көрген көзге мақтаныш мәртебесін сыйлайды. Ержан әскери қызметкер ретінде құрметке бөленген зейнеткер. Ата-анасының кенжесі, дара қызы Нұршолпан Банк қызметінде, үш баланың анасы.

Біздің сүйікімді, сұлу әпкеміз бен жездеміз туған еліміздің қалалары мен далаларын аралап, тарихи-мәдени орындарды тамашалауды ұнатады. Советай әпкеміз Абай облысының орталығында, Абай Құнанбаевтың Жидебайдағы алып, ерекше шеберлікпен тұрғызылған кесенесінде, мұражайында болып, Зере анамыздың, Құнанбай қажының, хакім Абайдың үрім-бұтақтарының қабірінің жанында тұрып, қасиетті бабалар мен аналар алдында басын иіп, тағзым еткенін білеміз.

Мұнан әрі әпкеміз Көкшетау өңірінде Бурабайда, Абылай алаңында, Сасыққөлдің бел ортасындағы Оқжетпеске ат басын тірегенін, Сасыққөл атты ауылда ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың өмірге келгенін есімізге түсірді.

Атыраудан 50 шақырым жердегі Жайық өзенінің оң жағындағы Сарайшық қаласы болғанын, Сарайшықтың негізін шамамен 1221-1256 жылдары Бату хан тұрғызғаны туралы тарихи деректер жариялаған кітапшаны алдымызға жайды. Маңғыстау облысының Ақтау қаласында, Бекет ата мен Шопан ата кесенесінде және Каспий теңізі жағалауында көз көрген тамаша көріністерді фотосуретке түсіріп алған екен.

Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан қаласының төңірегіндегі көне ғасыр ғажайыптары: жан сүйсіндірер ғимараттар, Қожа Ахмет Яссауи баба, соған таяу жерлердегі қасиетті әулие аталар жерленген аймақ. Әрі қарай Арыстан баб, Гаухар ана кесенелері, Укеш ата, жер астындағы Ақмешіт, Домалақ ана кесенесі, Тараздағы Айша бибі мен Қарақан кесенелері қазақ өнерінің тамаша көрінісі екендігін тебірене айтып, біздерді туған еліміз бен жерімізді аралап көруге үгіттеді. Осы жорықтан ілгері жылдарда Өзбекстан мен Түркменстанда санаторий кешендерінен шипалы ем қабылдағанын да әңгімелеп берді. Бұл кісі Алматы мен Астанада бірнеше рет болған.

Осынау сапар саяхаттар зейнетке шыққаннан кейінгі жылдары болған екен. *«Жас кезімізде білім алдық, белсене еңбек еттік, бала-шаға, өмірлік мәселелермен жүрдік. Атам қазақ «Жастық шақта бейнет, қартайған кезде зейнет бер» деген еді ғой»*, – деп әңгімесін аяқтады Сәкең.

Біз өзінің 75 жылдық өмірінің 40 жылын денсаулық сақтау саласында өткізіп, бүгінде көпбалалы ана, немере-шөбере иіскеген бәйбішеге – Советай Нұрғалымқызына мықты денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Қосағымен қол ұстасып, өмір көшінің алдында жүргенін көре берсек дейміз.

Туысқандары атынан:
Күләтай НҰРҒАЛЫМҚЫЗЫ

МАМАН МІНБЕРІ

ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫҢ ІРГЕТАСЫН ҚАЛАУ

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖАСТАРЫМЫЗДЫҢ БОЙЫНДА ЕЛІНЕ, ЖЕРІНЕ, МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫНА ҚАТЫСТЫ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМНІҢ БАР БОЛҒАНЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДЕРІНІҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ДЕҢГЕЙДЕ ЕКЕНДІГІ АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІН ТОЛҒАНТПАЙ ҚОЙМАЙДЫ.

Патриотизм мәселесін көтергенде аға буын өкілдері, ата-аналар, ұстаздар, мемлекеттік органдар қызметшілері жас ұрпаққа отансүйгіштік сезімді қалыптастыру алдымен отбасы тәрбиесінен басталып, ары қарай мектеп қабырғасынан және жоғары оқу орнынан алған біліммен, тәрбиемен ұштасатындығын ескеруіміз қажет.

Ел жастары деген ұғымға тек қана өз ұлтымыздың ғана емес өзге ұлттардың өкілдері де кіретінін қоса айтып өтуіміз керек. Мемлекет назарынан еліміздің көпұлтты мемлекет болғандықтан, ұлтаралық бірлік мәселесі де тыс қалмауы тиіс.

Қоғамда мемлекеттік қызметте тек өз ұлтымыздың ұл-қыздарын тартып қана қоймай, басқа да ұлттардың жас өкілдерін тартуымыз қажет. Осы жолмен мемлекет өз тарапынан өзге ұлттардың диаспораларына мемлекеттің ішкі саясатын жеткізіп, ары қарай таралуына ықпалын тигізе алады. Аталған жол мемлекетіміздегі ұлтаралық келісімге, бірлікке қол жеткізуге тиімді бірден-бір жол болып табылады.

Қазіргі кезде біздің облысымызда да мемлекет мүддесін дамытуға өзге ұлт өкілдері үлес қосуда. Атап айтсақ, Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаментінде 30 жылдан аса қызмет істеп келетін салалық бөлімнің басшысы А.Алимбердиева, институт қабырғасынан келіп мемлекетке еңбек етіп жүрген кадр бөлімінің бас маманы Х.Дебирова және Текелі қаласының статистика бөлімінде жетекші маман лауазымында қызмет жасап жүрген Е.Савицкая да бар.

Егер еліміздің жастары көзі ашық, көкірегі ояу болса және өз еңбектерімен мемлекетіміз бен ұлтымыздың мүддесіне қызмет етіп, ұлтаралық келісімді сақтауға үлестерін қосса, мемлекетіміздің гүлденіп дамуына өздерінің септігін тигізеді деп кәміл сенемін.

С. МЕДЕУОВ,
Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаментінің кадр жұмысы және респондент-тер мен әкімшілік дереккөздерге қатысты бақылау, құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы, Әдеп жөніндегі уәкілі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

«ТАБАНЫМ – ТАС, ЖҮРЕГІМ – ШОҚ, МҰЗ – КЕУДЕМ...»

(Бауырлас балқар халқының К.Мечиевтің туғанына - 165 жыл)

Хал-қадірімізше тарих жылнамасына енген сонау 1944 жылғы Сталиндік дүрбелеңді оқиғаның қыр-сырына үңілейікші. Дүниежүзін бағындырып, билеуді көздеген фашистік Германия әскерлерінің мысы басылса да, сұрапыл соғыстың жүріп жатқан тұсы. Қызыл Кремльдің ұр да жық билеушілері ежелгі жымысқы саясатына басып, тұтастай бір халықты «жау, дұшпан» санайды. Осылайша 1944 жылдың ақпанында Кавказ тауын мекендеген шешен мен ингуштарды, наурыз айында қарашай, балқарларды (араларында басқа ұлттың өкілдері де болады) Атажұрттарынан күштеп, зорлап, алыс қиырдағы бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген Қазақстан мен Орта Азия республикаларына еріксіз жер аударады. Кейінгі тарихты зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, осы бір қитұрқы саясаттың астарында Кавказ өлкесіндегі мұсылман ағайындарды үдере көшіріп, оның есесіне сол өңірді орыстандыру әрекетінің жатқандығы аңғарылады.

Хош, сонымен тауқымет тақсіретін тартқан, көкірегі шерге, көзі жасқа толы мыңдаған қандастарының қатарында жасы келіп, шау тартқан, күмістей ақ сақалы омырауын жапқан, арынды ақындығымен есімі түркі тілдес халықтарға кеңінен танымал Кязим Беккиұлы Мечиев те бар еді. Егделік тартты дейтін себебіміз, жастайынан өлең жырды серік еткен шайырдың сол тұстағы жасы 85-ті алқымдаған болатын. Зорлық-зомбылықпен жер аударылғандар тиелген ағаш қорапты жайдақ вагон Алматы облысының Айнабұлақ стансасына келіп тоқтағанда, жалпы составтан ажыратылды. Мұнан соң оларды ат-шанамен жақын маңайдағы елді мекендерге жеткізеді. Өз шаңырағының төрінде отыруды жазбаған, сексенінде «Қызыл империяның» сергелдеңіне түскен қарт ақын алғашында шағын отбасымен Көксу стансасына жақын маңайдағы колхоз бөлімшесіне тұрақтанады. Алайда тарыдай шашыраған жанашыр туыстарының басым көпшілігі іргелес Қаратал ауданының «Тельман» атындағы колхоз орталығы – Тельман ауылына (қазіргі Қарашеңгел) қоныстанғандықтан көп ұзамай осы өңірдегі ағайындар арасына көшпек болады. Амал нешік, Атамекенінен еріксіз жер аударылып, салқар қазақ даласының ауасын жұтып, меймандос қазақ халқының дәмін бір жылдан аса татар-тартпастан іштей қайғы мұңға, күңіреніске толы кәрі жүрек сыр беріп, бақилыққа аттанады. Сонымен жамбасы қасиетті Қаратал өңірінің үлпілдек топырағына тиеді, мәңгілік тұрағын табады...

ҚАЗАҚ АТАМЫЗДЫҢ «АДАМНЫҢ БАСЫ – АЛЛАНЫҢ ДОБЫ» ДЕГЕН ҚАҒИДАЛЫ УӘЖІ ТҮБІ БІР, ТІЛІ ОРТАҚ, ТҮРКІ АҒАЙЫНДАРДЫҢ МӘУЕЛІ БІР БҰТАҒЫ САНАЛАТЫН, ҚАСИЕТТІ ҚАП ТАУЫН ЖАЙЛАҒАН БАЛҚАР ХАЛҚЫНЫҢ АҚБЕРЕН АҚЫНЫ КЯЗИМ МЕЧИЕВТІҢ (1859-1945 Ж.) ТАЛАЙЛЫ ДА ТАУҚЫМЕТТІ ТАҒДЫРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫНА ДӘЛМЕ-ДӘЛ КЕЛІП, ТҰСПА-ТҰС ЖАРАСАТЫНДАЙ. БІР СӘТ ОСЫДАН БІЛДЕЙ 80 ЖЫЛҒА ШЕГІНІС ЖАСАЙЫҚШЫ.

Қос ғасырдың куәгері

Балқар халқының болашақ ұлы ақыны Кязим Мечиев 1859 жылы Қап тауын жайлаған, Кеңес өкіметі кезінде Кабардин-Балқар автономиялық республикасы атанған өлкенің Шики ауылында темір ұстаның отбасында дүниеге келеді. Баланың туа бітті кемтарлығы, бір аяғының қысқалығы сезіледі. Сол заманның көзі ашық білімдісі саналған Бекки ақсақал өзінің қағілез ұлын жастайынан еңбекке баулумен қатар оның бойына білім нәрін себуге ұмтылады. Өз қатарластарына қарағанда зеректілігімен оқ бойы озық тұрған Кязим әу басында ауыл молдасынан білім алады. Көзі қарақты, көкірегі ояу жас бертін келе өз бетімен ізденіп, араб, парсы, түркі халықтары тілдерін меңгереді. Осы тілдегі поэзиялық шығармаларды, қисса, дастандарды оқиды, оның үздік әрі ғибратты деген туындыларын ана тіліне аударып, таратады. Өн бойындағы тау бұлағындай тасқындаған ақындық шеберлігін ұштап, жетілдіреді. Туған халқын білімге, еңбекке, мәдениеттілікке, Отан мен жерді сүйе білуге шақырады. Осылайша ағартушылық жолды ұстанады. Билеуші қоғамның әділетсіздігін, байлар мен мықтылардың әлсізге, жарлы мен жақыбайға, жалпы қара халыққа жасап отырған зорлық-зомбылығын ұшқыр жырымен сынап, мінейді. Оның ұйықтап жатқан көңілді селт еткізер, оқыған жан мен тыңдаушының көкірек көзін ашар жырлары сонау 1890 жылдары ақ қағазға түсіп, қалың жұртқа кеңінен тарайды. Бұған шайырдың аталған жылы қағазға түскен *«Жүзіп жетем деп едім, желкенімді жел алды. Кіл қыршыннан көкөрім, туған жерде не қалды?!»*, – деген жыр жолдары нақтылы айғақ.

Алланың жаратқан пендесі қоғамнан тысқары өмір сүре алмастығы бесенеден белгілі. Қос бірдей ғасырдың куәгері болған ағартушы ақын екі қоғамдық формацияны, үш бірдей соғысты (Бірінші дүниежүзілік, Азамат және екінші жер жаһандық) басынан өткереді. Қоғам мен адам өміріндегі осындай күрт өзгерістер мен саналуан құбылыстардың әсері, оның жақсылығы мен жамандығы ақын шығармасына өзек болады. Шайыр шығармасын зерттеушілер дерегіне сүйенсек, болмысты зерделей білетін Кязим ақсақал 1917

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

жылғы большевиктердің жеңіске жетуі арқылы жасалған Октябрь революциясын қуана қарсы алған. Оның көсемі В.Лениннің образын 1918 жылы жазылған «Солтан-Хамиде туралы жыр» өлеңінде сомдай білген. Қандастары ғана емес, барша тау халқын «Азаттық жолында» қолына қару алуға шақырады. «Большевиктердің ұстанған жолы адал» деп ұғынады. Осы бағытта арындап атқа мінген баласы, қызыл партизан, Азамат соғысының батыры Мұхаммед қаза табады. Оның қайғысына орай ақын 1919 жылы «Балам Мұхаммедке» атты жыр арнайды. Ал 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған тұста қанды майданға оның төрт бірдей ұлы аттанады. Түптің түбінде жан тәнімен берілген өкіметі өзіндей аз ұлттың өкіліне өктемдік көрсетіп, бабаларының қаны тамған ата-жұртынан айырды.

Қос бірдей ғасырдың жанды куәгері, аз ұлттың үлкен жүректі ақыны болған Кязимнің талайлы тағдыры мен шығармашылық мұрасын зерттеушілер дерегіне сүйенсек, өмірдің ащысы мен тұщысын теңдей отырып көрген ол заманға қарай түрленіп, Кеңестік қоғамды бірыңғай жақтайтын сарай ақыны болмаған. Әділдіктің ала жібін аттамайтын адами қасиетті қоғамның және имандылықты ізгілік деп білетін жан басына небір зұлмат түссе де діни көзқарасынан айнымаған. Жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа бастайтын құдыреті күшті Аллаға деген сенім әрбір адамның жүрегінде ұялауы тиіс екендігін философиялық ойға толы жырларында кеңінен көрсете білді. Жан дүниесі ислам дінімен нұрланған Кязим өзінің ұзақ сүрген ғұмырында үш рет қажылыққа барған. Халқым күнделікті күйбең тіршіліктің ықпалында қалып қоймасын, көзі ашық, көкірегі ояу болсын деген ниетпен шығыстың кемеңгер ойшылдары мен ақындары Новаи, Физули мен Авиценнаның үздік шығармалары мен ғұламалық трактаттарын араб және парсы тілінен аударып, тарата білген.

«Табаным – тас, жүрегім – шоқ, мұз – кеудем...»

Сөз орайында айтып өткеніміздей, ата қаны, ана сүтімен бойына дарыған өмірлік ұстанымынан қашан шау тартып, белі бүгіліп, қолына қалам ұстауға жарамағанға дейін бір сәт те айнымаған құлашы кең, шабыты шалқар шайыр өлердей сенген Кеңес өкіметінің шағын ұлттарды тілі мен дінінен, ділінен ажыратудағы жасап отырған қияныұрыс саясатына наразылығын білдіріп, жалынды жырларымен сол әділетсіздікті сынап, мінейді. Әрине қашан да басын тік, кеудесін шалқақ ұстайтын ақынның мұндай тосын мінез көрсетуі билік басындағыларға жақпайды. Оның жырлары бұрынғыдай газет-журналдарда басылмайды, жеке жинақ болып шықпайды. Қызыл идеологияның сауысқаннан да сақ жандайшаптары оның жырларын заманға бейімдеп түзетіп, күземекші де болады. Оған бірбеткей ақын көнбей бағады. Тіпті жағдай ушыққан тұста қылышынан қан тамған НКВД қызметкерлері қыр соңына түседі, қудалайды. Әйтсе де халық наразылығынан тайсақтап, қатал жазалауға бара алмайды. Ақындық көзқарасын өзгерте алмайды.

Ежелгі тау тұрғындары сияқты ұзақ жасаған, көпті көрген, елдің қалың ортасынан шығып, небір қысталаң шақта онымен бірге тыныстаған, халқы қуанса қуанып, мұңайса мұңайған ақиық ақын халықтық қағиданы әу басындағы өлең жырларына арқау етеді. Бұған 1890 жылы жағылған «Желіп жетем деп едім, қара жаяу қаңғырып. Халық қамын жегенім – жаһандағы жаңғырық!»,– деуі нақтылы айғақ.

Сол бір зар замандағы халық басына түскен небір нәубетке жаны күйзеліп, бозторғайдай шырылдаған ақын қиындық атаулыдан құтылудың да жолын философиялық ойларға толы жалынды жырларымен жауап іздеп, тіл қатады. Бұл ойын 1913 жылы жазылған. /Аударған ақын Иран-Ғайып. Автор./ «Не істеу керек?» жырында *«Не істеу керек? Өмір өтіп барады! Не істеу керек? Жан жарасы асқынып, кетті ұлғайып күпті көңіл алаңы! Өкінішсіз өткерейін өмірді, қызуында соғайын сом темірді. Батпанына бас ұрайын ауырдың, батпанына батырайын жеңілдің...»,* – деп елі үшін отқа күйіп, суға тусуге дайын екендігін жеткізеді. Айтқаны далаға кеткендей, тауы шағылған сәттерде жігері құм болып, жасыған тұста: *«Аш қасқырдай түніменен ұлисың. Тоқтат, Кязим, ұли берсең – құрисың. Сен жылама, сұрқиялар жыласын, жалған дүние діңі шіріп құласын»,* – деп өзін-өзі жұбатады. Әйтсе де туған халқын жарқын болашаққа, азаттық үшін күреске шақырудан жалықпайды. Осы орайдағы күрескерлік оптимизмге толы рухты үнін *«Жанталасқан жалғандықтың жендеті, қараулықтың көкжалына талатты. Не тантып тұр, деме, қақсап бұл ақсақ, тында халқым, тыңда мұқият құлақ сал: Тиері хақ – қолға еркіндік, басқа ерік. Қасіреттің қара туын құлатсаң!»* – деп тау қыранындай саңқылдап жеткізеді.

«Қап тауымен тыныстап жатсам екен...»

Жер бетіне шыр етіп келген әрбір пенде, соның қатарындағы халықтың ерік-жігерін білдіріп, сөзін сөйлейтін ақын атаулы да өзі ғұмыр кешкен уақыттың перзенті. Кеңестік дәуірде Кязим де өз тұрғыластары секілді партия мен өкіметті, ел бірлігін, осы арқылы әлемнің тұтастығын жырлайды. Ақынның 1936 жылы жазған «Тұтастық жыры» бұл уәжімізге нақтылы мысал болады. Осындағы бертінде басына ажал оғы үйіріліп, желкесіне жаландаған қылыш төнсе де ащы шындық пен ақиқатты айтудан қаймықпаған Кязимдей арынды ақынның тағылымды мектебінен сусындап нәр алған Қайсын Құлиев сынды жыр жампозының осы топырақта өсіп жетілгенін, саңқылдаған ақындық даусы мен даңқы жер шарына тарап кеткендігін айтқан ләзім.

Тарлан тарихтан білетініміз, әдетте ақындардың (Т.Шевченко, Құлыншақ т.б.) көзі тірісінде-ақ күндердің күнінде бақилық болатынын сезіп, кейінгілерге өсиет арнайтыны бар. Осы үрдісті жолды Кязим де ұстанды. Бұған оның өткен ғасырдың басында (1906 ж.) жазылған «Өсиет» атты жыры нақтылы дәлел. Осындағы: *«Ұлым, тыңда, мен ұзамай өлемін, пешенеме жазылғанын көремін. Өлерімде тілейтінім жалғыз-ақ, ділгір халық тапса іздеген керегін»,* – деген жүрекжарды тебіренісі мен көзім жұмылғаннан кейінгі уақытта халқым іздеген керегін артымда қалған жырымнан тапса екен деп ізгі ниет білдіреді. Тірісінде-ақ көрегенділік танытқан ақынның бұл тілегі ақиқатқа айналады. Білгенге қасиетті жандардың өз тағдырын тамыршыдай дөп басып, болжампаздық танытуы дегеніміз осы болса керек.

Құдіреті күшті Алла тағала өзінің Кязимдей сүйікті пендесінің аузына күні бұрын салды ма мекен, ақиық ақын 1910 жылы Дамаск қаласында жазған таңданысы басым, жұмбағы мол өлеңінде: «*Құлдық, көндім табынып, тасқа айналдыр, тәңірім. Тек жат жерде жабығып, зар құшпасын қабірім»,* – деп түптің түбінде басына түсетін қасірет атаулыдан сақтанғаны сезіледі.

Сұрапыл соғыстан кейінгі байтал түгел бас қайғы болған, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен қысталаңды заманда қуғын-сүргін көрген, ел-жұрты көзі жұмылған ақынын іздейтіндей мұршасы болмайды. Содан не керек, Одақты уысында ұстаған Сталин қайтыс болғаннан соң «жылымық желі» ескеннен кейінгі жылдары Үкімет тарапынан Солтүстік Кавказ тауларынан Қазақстан мен Орта Азия республикаларына еріксіз қоныс аударылған ұлттар мен ұлыстарға өз Отанына қайта көшуге рұқсат етіледі. Осы мүмкіндікті қиыр асқан балқарлар да пайдаланады. Міне, осы сәттен бастап алмағайып заманда көз жазып қалған Кязим ақынды іздестіру, оның кейінгі тағдырына қызығушылық басталады. Осы екі арада сәтін салып шайырдың 1945 жылы наурыз айында қайтыс болып, Қаратал ауданының Тельман ауылындағы (қазіргі Қарашеңгел) мұсылмандар бейітіне жерленгенінің жанды куәгері болған ағайындас туысы Х.Гаев табыла кетеді. Ол Кабардин-Балқар автономиялық республикасы атынан қиырдағы Қазақстанның Қараталына баруға жиналған делегацияға жол көрсетуге ниет білдіреді. Сонымен 1989 жылы аталған республиканың мемлекеттік телеарна мен радиохабарын тарату комитетінің бас редакторы Баххаутдин Этезов пен ақын Абдулла Бегиев жетекшілік еткен, құрамында Кязимнің немересі Хизир Хусейнұлы мен Тәуке Асхатұлы бар делегация алдымен сол тұстағы астанамыз Алматыда, облыс орталығы Талдықорғанда, сосын барып Қараталдың Қарашеңгелінде болады. Ауыл азаматтары Болат пен Алтынбай ағаның көмегімен іргедегі қорымдағы жермен-жексен болып кеткен ақын бейітінің ескерулі орны табылады. Шайыр аруағына арнап құран бағышталады.

«Тас түскен жеріне ауыр» дегендей, бауырлас елдің халық ақынына құрмет көрсетіліп, сол тұстағы «Кәлпе» совхозының директоры Н.Бакан мен Киров селолық Советінің төрағасы И.Жанхотовтың басшылығымен аталған қорымдағы Кязим шайырдың ескерусіз қалған қабірінің төңірегі шойын құймасымен қоршалып, құлпытасы орнатылады. Осындағы сегіз жылдық мектептің оқушылары күтімге алады. Сол бір 1989 жылдың 20 қазанында Кабардин-Балқар АССР-і астанасы – Нальчик қаласында ақын Кязим Мечиевтің туғанына 130 жыл толуы мерекеленеді. Оған ауданның сол тұстағы атқару комитетінің төрағасы Т.Ғалынов пен тіс дәрігері С.Ибрагимов, шаруашылық маманы Б.Қасенов қатысады. Мерекелік жиында қараталдық жерлестері атынан білікті басшы Т.Ғалынов құттықтау сөз сөйлейді.

Арада жылжып жылдар өтті. Қоғамдық құрылымдар өзгерді. Нарықтық қатынастарға көшкен еліміз бабалар аңсаған егемендікке қол жеткізді. Араға он жыл салып 1999 жылдың маусымында республикалық Қабарды-Балқар ұлттық-мәдени орталығының төрайымы Людмила Хочиева (кейінде Қазақстан Республикасы Парламенті мәжілісінің депутаты, ҚХ Ассамблея мүшесі) бастаған бір топ азаматтар ақын қабіріне Алматыдан арнайылап келіп, тәу етіп қайтты. Көп ұзамай сол жылдың қарашасында сонау Нальчиктен министр В.Жантуров бастаған, құрамында Кязим ақынның немересі Тәуке Асхатұлы, балқар ақыны М.Халов, ұлттық-мәдени орталықтың төрайымы Л.Хочиева мен сол тұстағы Алматы облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бас маманы, журналист Кемел Құсайын (марқұм) бар үкімет делегациясы келіп, екі республика басшылығының уағдаластығына сай білдей елу төрт жыл бойы қазақ жерінде дамылдап жатқан ақынның жамбасы тиген топырағымен қоса алынып, Алматыдан ұшақпен Қап тауына қарай бет алды. Осылайша заманында халықтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған ақын Кязим Мечиевтің көзі тірісінде жүрекжарды жырымен жеткізген «Қасиетті Қап тауында жатайын» деген өсиеті ұлтжанды ұрпағының көмегімен «Еш те болса, кеш жақсының» ізімен абыройлы орындалды. Сүйегі өзінің туған жеріне шариғат жолымен қайта аруланып жерленді.

Иә, сонымен түркі тілдес, бауырлас балқар халқының ұлы ақыны, ойшыл философы Кязим Мечиевтің туғанына биыл 165 жыл толып отыр. Жазған жыры халқына қызмет еткен, көзі жұмылғанша әлемнің тыныштығын көксеп, соған нәсерлі жырларын арнаған, қос ғасырдың, екі дәуірдің куәгері болған, Қап тауының асыл перзентінің ел ынтымағы мен бірлігіне, азаматтық пен адамгершілікке арнаған өлең толғаулары қазақ оқырмандарына (шайыр өлеңдері 1989 жылы ақын Иран-Ғайып аудармасымен «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды) ыстық. Достықпен нұрланған жол қашан да даңғыл. Тегі бірдің – түбі бір. Демек, балқар әдебиетінің көрнекті өкілі Қ.Мечиевтің мерейтойы екі халыққа да ортақ десек, асыра айтқандығымыз емес.

Қараша ҚАРАМАН, журналист.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕНПФ

ПЕРСОНАЛЬНЫЙ ПЛАН ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ ЖЕЛАЕМОЙ ПЕНСИИ

В рамках реализации Корпоративной стратегии развития АО «ЕНПФ» на 2022-2026 годы, включающей в том числе задачи по дальнейшему совершенствованию пенсионных услуг с учетом внедрения проактивного формата, АО «ЕНПФ» в помощь вкладчику запускает новый инструмент планирования будущей пенсии – персональный план пенсионных накоплений.

В отличие от прогнозного пенсионного калькулятора, с помощью которого можно рассчитать ожидаемый размер и график пенсионных выплат, исходя из текущего объема пенсионных накоплений и будущих взносов, персональный план позволяет пользователю самостоятельно:

- рассчитать требуемый размер взносов, исходя из желаемой суммы пенсионных выплат с учетом текущего объема пенсионных накоплений,
- проводить мониторинг исполнения персонального плана накоплений (через систему автоматизированных персональных уведомлений).

Оценочный расчет будущей совокупной пенсии включает в себя следующие компоненты пенсии в рамках многоуровневой пенсионной системы Казахстана:

1. Пенсия за счет средств государственного бюджета (базовая пенсия и солидарная (трудовая) пенсия).
2. Пенсия из ЕНПФ за счет:
- 10% обязательных пенсионных взносов (ОПВ), уплачиваемых из доходов работников в ЕНПФ.
- 5% обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ), перечисляемых работодателем в ЕНПФ в пользу работников, занятых на работах с вредными условиями труда.
3. Пенсия из ЕНПФ за счет добровольных пенсионных взносов (ДПВ), которые может перечислять как работник, так и его работодатель.

Сервис планирования будущей пенсии доступен в личном кабинете на сайте ЕНПФ, при входе в который пользователь получит разовое уведомление о возможности воспользоваться данной услугой. С более подробной информацией о сервисе и том, как им пользоваться, Вы можете ознакомиться в памятке для пользователя персонального плана пенсионных накоплений, расположенной в верхней части экрана, при входе в данный сервис.

Вкладчик может контролировать процесс исполнения своего пенсионного плана, то есть отслеживать поступление ОПВ, ОППВ и ДПВ, а также статус исполнения плана в процентном и денежном выражении по месяцам и годам, чтобы своевременно предпринять меры для реализации плана, например, пополнить недостающую сумму пенсионных накоплений за счет добровольных пенсионных взносов.

При необходимости вкладчик в любое время может изменить входные параметры персонального плана, например, указать другую сумму желаемой пенсии и создать новый план.

ЕЖЕГОДНАЯ КАМПАНИЯ АО «ЕНПФ» ПО ИНФОРМИРОВАНИЮ ВКЛАДЧИКОВ (ПОЛУЧАТЕЛЕЙ) О СОСТОЯНИИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ ПО ИТОГАМ 2023 ГОДА

Получение информации о состоянии своих пенсионных накоплений на любую запрашиваемую дату с даты открытия индивидуального пенсионного счета (ИПС) в ЕНПФ - это законодательно закреплённое право вкладчика обязательных пенсионных взносов, физического лица, за которого перечислены обязательные профессиональные пенсионные взносы, добровольные пенсионные взносы, получателя пенсионных выплат (далее - вкладчики (получатели)) ЕНПФ.

Информацию о состоянии пенсионных накоплений можно получить в любое удобное время посредством личного кабинета интернет-ресурса ЕНПФ и (или) веб-портала «электронного правительства», а также при личном обращении в ЕНПФ.

При открытии в ЕНПФ ИПС, условных пенсионных счетов (УПС) способ предоставления ЕНПФ информации о состоянии накоплений, УПС автоматически по умолчанию определяется «посредством личного кабинета интернет-ресурса ЕНПФ и (или) веб-портала «электронного правительства», и (или) при личном обращении в ЕНПФ.

По всем действующим ИПС способ предоставления ЕНПФ информации о состоянии пенсионных накоплений автоматически по умолчанию дополнен способом «посредством личного кабинета интернет-ресурса ЕНПФ и (или) веб-портала «электронного правительства».

При предоставлении информации о состоянии накоплений УПС она дается по всем действующим за запрашиваемый период счетам.

За вкладчиками (получателями), ИПС которых открыты в ЕНПФ до 01.07.2023 г., сохраняется право на получение информации о состоянии пенсионных накоплений способами и с периодичностью, определенными в соглашениях, подписанных между ними и ЕНПФ.

Сегодня, чтобы отказаться от теряющих свою актуальность способах информирования посредством почтовой связи и (или) электронной почты (при их наличии), не нужно идти в офис ЕНПФ. Отказ можно оформить, зайдя в личный кабинет на сайте или в мобильном приложении ЕНПФ.

Проведение кампании по ежегодному информированию вкладчиков (получателей) посредством почтовой связи и электронной почты осуществляется не реже одного раза в год.

Число людей, предпочитающих способ информирования посредством почтовой связи, ежегодно снижается. К примеру, по итогам 2023 года их количество уменьшилось на 20,5% по сравнению с 2022 годом. Если рассматривать более длительный период, то с 2014 года (периода объединения всех счетов и пенсионных активов в ЕНПФ) количество выписок, направляемых посредством услуг почтовой связи, сократилось в 9 раз.

Обращаем внимание, что в соответствии с положениями законодательства вкладчики (получатели) обязаны сообщать в ЕНПФ обо всех изменениях, влияющих на выполнение обязательств ЕНПФ (в том числе телефонного номера, электронного адреса и адреса проживания (если выбран способ информирования посредством электронной и почтовой связи), банковских реквизитов), в течение десяти календарных дней с даты таких изменений. Возможность уведомления доступна как через личный кабинет на интернет-ресурсах ЕНПФ, так и посредством обращения в офис ЕНПФ.

ПОЧЕМУ НУЖНО ОФОРМЛЯТЬ ПЕНСИЮ ВОВРЕМЯ?

ЕНПФ напоминает, что лица, имеющие пенсионные накопления в ЕНПФ, сформированные за счёт обязательных пенсионных взносов и (или) обязательных профессиональных пенсионных взносов, и достигшие общеустановленного пенсионного возраста, а также лица с инвалидностью первой и второй групп, если инвалидность установлена бессрочно, имеют право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ по установленному графику.

Для назначения пенсионных выплат из ЕНПФ в связи с достижением пенсионного возраста получателям необходимо своевременно обращаться в ЦОН по месту жительства, а за выплатой в связи с установлением инвалидности первой или второй группы бессрочно – в подразделения ЕНПФ, в том числе через сайт ЕНПФ при наличии электронной цифровой подписи. Документы в ЦОН вместе с заявлением можно подать за 10 дней до достижения получателем пенсионного возраста. Настоятельно рекомендуем соблюдать этот срок, т.к. это особенно важно для получения государственной пенсии, для назначения которой требуется проверка трудового стажа по представленным документам. Кроме того, согласно законодательству назначение пенсий по возрасту и государственной базовой выплаты производится со дня обращения. Таким днём считается день регистрации заявления и необходимых документов в Государственной корпорации «Правительство для граждан» (далее - Государственная корпорация, ЦОН).

Напомним, что пенсию по возрасту могут получать лица, достигшие общеустановленного пенсионного возраста: мужчины по достижении 63 лет, женщины по достижении 61 года в 2024 году. Пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений.

Между тем, в целях оказания проактивной услуги по осуществлению пенсионных выплат из ЕНПФ лицам, достигшим пенсионного возраста, имеющим пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившимся за их выплатой, ЕНПФ проводит ежегодную сверку совместно с Государственной корпорацией на предмет наличия у данных граждан назначенных пенсионных выплат по возрасту и государственной базовой пенсионной выплаты за счет бюджетных средств.

По результатам ежегодной сверки при выявлении лиц, у которых имеются назначенные пенсионные выплаты за счет бюджетных средств, ЕНПФ осуществляет им пенсионные выплаты в рамках соответствующего соглашения, заключенного с Государственной корпорацией.

Так, по результатам ежегодной сверки по состоянию на 1 марта текущего года из порядка 200 тыс. лиц, достигших пенсионного возраста, имеющих пенсионные накопления в ЕНПФ и не обратившихся за их выплатой, по сведениям Государственной корпорации:

• около 45 тыс. лиц, не являются получателями пенсионных выплат по возрасту/базовой пенсии;

• порядка 92 тыс. лиц, являются получателями пенсионных выплат по возрасту/базовой пенсии/за выслугу лет за счет бюджетных средств, из которых:

- около 20 тыс. граждан в текущем году самостоятельно обратились с заявлениями в ЦОН по месту жительства за пенсионной выплатой из ЕНПФ;
- около 72 тыс. граждан назначены пенсионные выплаты из ЕНПФ в проактивном формате по результатам сверки;

• около 63 тыс. лиц являются выехавшими на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан либо умершими.

Таким образом, по результатам вышеуказанной сверки, ЕНПФ в течение марта-апреля текущего года осуществил пенсионные выплаты из ЕНПФ порядка 72 тысячам граждан без их обращения в ЦОН в проактивном формате.

ЗДОРОВЬЕ

НАЙДЕН ПРОСТОЙ СПОСОБ УЛУЧШИТЬ ЗРЕНИЕ

ДЛЯ ЭТОГО НУЖНО УТРОМ РАЗ В НЕДЕЛЮ В ТЕЧЕНИЕ ТРЕХ МИНУТ СМОТРЕТЬ НА ГЛУБОКИЙ КРАСНЫЙ СВЕТ, ПЕРЕДАЁТ ИСТОЧНИК MIDJOURNEY.

К такому выводу пришли исследователи из Института офтальмологии Университетского колледжа Лондона (Великобритания).

В ходе своих предыдущих исследований профессор Глен Джеффери (Glen Jeffery) и его коллеги установили, что трехминутное воздействие на сетчатку глаза длинноволновой части красной области спектра (так называемого глубокого красного света) подзаряжает энергией митохондрии (энергетические подстанции) клеток-фоторецепторов (светочувствительных нейронов сетчатки, палочек и колбочек). Такая подзарядка помогает восстановить зрение, естественным образом ухудшающееся с возрастом.

В ходе нового исследования Джеффери и его команда решили выяснить, в какое время суток лучше применять глубокий красный цвет, как часто и какая длина волны будет оптимальной.

Эксперименты с участием 20 здоровых мужчин и женщин в возрасте от 34 до 70 лет показали, что трехминутного воздействия красного света с длиной волны 670 нанометров вполне достаточно для улучшения контрастного цветового зрения (то есть функции колбочек).

При этом максимальный эффект (зрение улучшается в среднем на 17%) наблюдается только в том случае, если смотреть на красный свет в период с восьми до девяти утра. Стойкий позитивный эффект сохраняется в течение недели, поэтому чаще подзаряжать митохондрии фоторецепторов смысла не имеет.

В своих экспериментах ученые использовали обычный светодиодный фонарик. В дальнейшем профессор Джеффери и его коллеги планируют заключить договор с британской компанией, занимающейся производством светового оборудования, с тем чтобы наладить выпуск специальных офтальмологических устройств, излучающих глубокий красный свет с длиной волны 670 нанометров, по доступной цене.

«Эта технология очень проста и совершенно безопасна, так как энергия, получаемая от света с такой длиной волны, не намного превышает ту, что глаз получает от естественного освещения, - пояснил Джеффери. — В ближайшем будущем вы сможете улучшать зрение с помощью такого прибора, пока утром варите кофе или едете на работу».

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ

СНИЗИТЬ НАЛОГ НА СТАРОЕ АВТО ПЛАНИРУЮТ В КАЗАХСТАНЕ

Снизить налог на старое авто планируют в Казахстане, передает корреспондент агентства.

«Автовладельцами на протяжении нескольких лет поднимается вопрос о пересмотре налогообложения легкового автотранспорта для установления более справедливого подхода в зависимости от срока эксплуатации и стоимости автотранспорта. В этой связи предлагается дифференцированный подход налогообложения в зависимости от года выпуска автомобиля», — написал премьер-министр Олжас Бектенов в своем ответе на депутатский вопрос.

На основании ответа предлагается установить пониженные коэффициенты к ставкам налога:

Для авто с годом выпуска от 10 до 20 лет — 0,7;

Для авто с годом выпуска свыше 20 лет — 0,5.

Указывается, что на сегодняшний день подходы по данному вопросу прорабатываются.

Бейсенбі - Четверг, 6 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.06.24 Қазақстан
06.00, 04.35 «Әнұран»
06.05, 04.10 «Жәдігер» д/ф
06.30 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан» таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама, тікелей эфир.
10.00,13.00, 15.00, 20.00, 02.25 «Ақпарат»
10.00, 18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.10, 21:25 «Сұңқар»
13.10 Сұңқар
13:20 «Тату-тәтті» реалити шоу
15:00 Ақпарат
15:15 Отандастар
16.05 Т/х«Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң» ток-шоу
22.15 Телехикая «Бауырлар»
23.10 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама, тікелей эфир
23.50 ашық алаң
01.35 сана
02.40 «Тату-тәтті» реалити шоу

ХАБАР

05.00 01:00 ҚР Әнұран
05:00 Худ.фильм. Пәленшеевтер-2
07.00 «Оян!» тікелей эфир
10.00 «Культурный контекст»
10:35 Мультфильм
12.00 20.00 Тағдырға сен -2
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда»
15.00, 21:45 Т/х «Тасқын»
16.00, 23:30 Сериал «Послушная жена »
18.00 Новости
18.25 Ток- шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток шоу «Талқы»
22.30 Хабарлайк

АСТАНА

06.20 Т/х «Ене»
07.15 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман-5»түрік т/х
10.15 «Қорғаушы ханым» телехикаясы
11.50 «Кеш келген махаббат» үнді т/х
12.50, 23.20 Т/х «Шаньян ханшайым»т/х
13.40 «Жұлдызбысың?»
14.50, 00.10 Сериал «Склифософский-7»
17.10 Айтарым бар
18.10 «Искушение»т/с
20.00 «Астана таймс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Свет и тень» т/х
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10:10 «Жить здорово!»
11.05 «Давай поженимся!»
11.55 худ.фильм «между двух огней»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Дельфин»
00.20 Ночной кинотеатр.
01.15 «Охота на изюбря»
02:05 «Новости»
02:20 «Жаңалықтар
02:35 «Көреміз»
03:20 «Басты жаңалықтар
03:45 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАН
07:05 Кешкі жаңалықтар
07.30, 04.20 Т/х «Жат туыстар» отандық телехикая
08.25 Вечерние новости
09.15 Было Дело
10.10 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
13.40 «Маруся»
15.35 Т/х «Өртенген сезім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние новости
21.35 Мелодрама «Маруся»
23.35 «Вскрытие покажет»
01.40 «Игры детей старшего возраста»
02:30 Было дело
03:15 «Дау-дамайсыз»
03:55 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ділмар»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Бүгін»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Мақсатына жеткендер»
13.30 «Шаңырақ»/тікелей эфир
14.20 «Жетісу-спорт»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Алданған бейкүнә қыз»
17.00 «Дала үні»
17.40 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Менің арманым»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05:58 ҚР ӘНҰРАН
06:00 әзіл студио
07.00 «Информбюро
08.00 Тик –ток шоу
08:30 Тайм вайн
09.00 «Маша и медведь»м/с
09.30 «Ханзада Жумонг»
12.40 Кино.
15.20 кино
17.20 Кино.
20.00 Информбюро
21.00 Кино «Работорговля»
23.30 Ханзада Жумонг
02.00 31-әзіл
03.30 тайм вайн
02:50 Тик ток шоу
03.20 Ватсап
04.00 әзіл студио
04.20 «1001 әзіл»
04.30 Бала батл
05.20 ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.20 ҚР ӘНҰРАН
06.02 Т/х «Q елі»
06.30 жұлдыздар шеруі
07.30 т/х
08.30 Мультфильм
10:00, 20.00 сериал «Великолепный век. Хюррем»
12:00 «Бизнес по-казахски в Африке»
14:00, 19.00 «Жар-жар»
15.00 «Бизнес по-казахски в Корее»
17.00 т/х
19.30 д/ф
22.00 т/х
23.00 «Нити судьбы»
00.00 КТА
02.00 зың-зың Күлпаш
04.00 келесі кім?
05.22 үзіліс

Жұма - Пятница, 7 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.35 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30,10.00,
13.00,15.00,20.00,00.35 Ақпарат
07.00 «Таншолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.10, 13.10, 21.25 «Сұңқар»
13.20 «Тату-тәтті»
15.15 «Бірегей»
16.05 «Сырғалым»
20.30 «Ашық алаң»
22.15 «Бауырлар»
23.10 «Жарқын жүздесу»
00.00 « PARASAT MAIDANY»
01.10 «Ашық алаң»
02.00 «Сана»
03.05 «Тату-тәтті»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Пәленшеевтер-3»
07.00 Тікелей эфирде «Оян!»
10.00 «Культурный отдых»
10.20 «Умка»
12.00, 20.00 Т/х «Тағдырға сен-2»
14.00 «Қарлығаш ұя салғанда-2»
15.00,21.45 «Тасқын»
16.00 «Тень любви»
18.00 Новости
18.25 Ток-шоу «Итоги»
19.00 Жаңалықтар
19.25 Ток-шоу «Талқы»
22.30 «Национальный интерес»
23.30 «Без изъяна»

АСТАНА

06.20 «Ене»
07.15 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-5»
10.15, 21.55 «Қорғаушы ханым»
11.35 «Прямая связь»
11.55 «Эксперимент»
12.10 «Қоғам назарында»
12.30 «Үздік әзілдер»
12.50,23.20 «Шанъян ханшайым»
13.45, 00.10 «Замуж в 30»
15.50 «Ангелхранитель»
17.10 «Айтарым бар»
18.10 «Искушение»
20.00 «Астана таймыс»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Свет и тень»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 «Жить здорово!»
11.00 «Давай поженимся!»
11.55 Сериал «Между двух огней»
14.00 Новости
14.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.30 «Парламент ONLINE»
20.50 «Поле чудес»
22.00 «Дельфин»
01.45 Новости
02.00 Жаңалықтар
02.15 «KOREMIZ»
03.00 Басты жаңалықтар
03.30 «П@утина»

КТК

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
07.30 «Жат туыстар»
08.40 Вечерние новости
09.15 «Было дело»
10.10 «Игры детей старшего возраста»
11.10 «Вскрытие покажет»
13.40 Мелодрама «Маруся»
15.35 «Өртенген сезім»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-дамайсыз.Күнде»
21.00 Вечерние новости
21.35 «Маруся»
01.40 «Игры детей старшего возраста»
02.30 «Было дело»
03.15 «Жат туыстар»
05.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Өзекжарды»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Сегодня»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Менің арманым»
13.30 «Дала үні»
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Бір уыс бидай»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Иман нұры»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 Информбюро
08.00 TikTok show
08.30 Time Vine
09.00 «Маша и медведь»
09.10 «Ханзада Жумонг»
12.10 «Работорговля»
14.20 «Индиана Джонс и храм судьбы»
17.00 «Индиана Джонс и последний крестовый поход»
20.00 Информбюро
21.00 «Обитель зла»
23.00 «Ханзада Жумонг»
01.40 «31 әзіл»
03.00 Time Vine
03.20 TikTok show
04.00 Әзіл студио
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALLA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q –елі»
06.30,14.00 «Жұлдыздар шеруі»
07.30 Телехикая
08.30 «Синий трактор»
10.00,20.00 «Великолелный век, хюррем»
12.00 «Бизнес по-Казахски в Турции»
15.00 «Бизнес по-Казахски в Индии»
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «Великолепный век. Создание легенды»
22.00 Телехикая 5-бөлім
23.00 «Нити судьбы»
00.00 «Көңілді тапқырлар алаңы»
02.00 «Зың-зың Күлпаш»
04.00 «Келесі кім»
05.22 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 8 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.05,03.55 «Жәдігер»
06.30,17.00, 01.40 Ақпарат
07.00,03.10 «Зинһар»
07.45 «Алтын қақпа»
08.30 «Шаңырақ»
09.00, 17.40, 23.50 «Көңіл толқыны»
10.00,18.00 Т/х«Құрсаудағы қыз»
12.00 «Теледәрігер»
13.00 Төлеген Мұхамеджановтың шығармашылық кеші
15.15 «Дала дауысты»
17.20 «Әлем және біз»
20.00 «Жарқын жүздесу»
21.40 «Дина. Күй құдірет»
00.55 «Отандастар»
02.00 «Әлем және біз»
02.20 «Теледәрігер»
03.55 «Жәдігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Асыл қазына»
07.00 Концерт «TURAR»
09.00 «Президенский резерв»
09.30 «Ұлы дала ойындары»
10.00 «Прощай, кристофер робин»
11.45 «Умка»
12.00 «Без изъяна»
14.00 «XII ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Алғашқы»
16.00 «Келінжан»
19.00 «Бес жұлдыз»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн» сараптамалық
21.40 «А вот и она»
23.40 «Әке бақыты»
00.30 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.50 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-5»
10.10, 21.55 «Қорғушы ханым»
11.35 «Ең мықты»
12.10 «Алдараспан»
15.00 «Квартиранты»
17.00 Сериал «Нюхач-3»
20.00 «Sarap Times»
23.20 «Ройоны»
01.10 «Жайдарман»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.00 «П@утина»
09.00 «Артистка»
11.00 «Часы с кукушкой»
14.50 «Море,горы, керамзит»
18.30 «АЙНА»
19.00 «Мой убийца»
20.55 «Се ля ви»
00.25 «Будь со мной»
01.45 «Айна»
02.15 «П@утина»
03.00 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Туған жер»
09.40 Вечерние новости
10.20 «Было дело»
11.35 «Маруся»
15.50 «Өмір – сынақ»
18.20 «Қайтар маған»
21.00 «Кузница счастья»
01.05 «Аферисты»
03.50 «Туған жер»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Домбыра»
12.00 «Иман нұры»
12.30 «Ой-сарап»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Ел мен жер»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Жас тілші»
18.30 «Өмірлік бағдар»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Жетісу-спорт»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 КР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студио
07.00 М/с «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 Алдараспан
12.30 «Келинка тоже человек-2»
14.30 «Семейка Аддамс»
16.30 «Похождения императора»
18.20 Кино «Король лев»
21.00 Кино «Боги Египта»
23.50 «Обитель зла»
01.40 «31 әзіл»
02.20 «Біздің шоу»
03.40 What's up?
04.00 Әзіл студио
04.30 1001 Әзіл
04.40 BALA BATTLE
05.00 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00, 01.50 «Зың-зың Күлпәш»
08.30 «Синий трактор»
10.00, 20.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «Бизнес по-Казахски в Индии»
14.00 «SUPER BOL»
14.30 «Мен қазақпын» концерт
17.00 «Ғаламат ғасыр. Хюррем»
19.00 «Великолепный век. Создание легенды»
22.00 «Женщина с прошлым»
03.50 «Келесі кім»
05.02 Үзіліс

Жексенбі - Воскресенье, 9 маусым

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.20 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 «Шаңырақ»
07.00 «Дәуір даналары»
07.45 «Алтын қақпа»
08.30 « Көңіл толқыны»
09.35 «Ақсауыт»
10.00,18.00 Телехикая «Құрсаудағы қыз»
12.00 «Жарқын жүздесу»
13.50 «Әзіл әлемі»
15.40 «Өз елім менің»
17.05 «Технократтар талқысы»
20.00 «Апта»
20.50 «Ақорда»
21.00 Серік Ибрагимовтің концерті
22.30 «Домалақ ана»
00.05 Футбол
02.10 «Апта»
03.10 «Күміс көмей»
03.55 «Жәдігер»

ХАБАР

05.00 «Асыл қазына»
07.30 «Туған ел»
09.30 Деректі фильм. «Қазақ елі»
10.00 М/ф «Спасатели»
11.10 М/с «Умка»
12.00 «А ВОТ И ОНА»
14.00 «Алғашқы»
14.45 «Бес жұлдыз»
16.30 «Келінжан»
19.30 «Қызық times»
21.00 «7 күн» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы.
21.40 «Отдел журналистских расследовании»
22.10 «Разумное сомнение»
00.10 «Әке бақыты»

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.50 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «ОСМАН-5»
10.00,21.55 «Қорғаушы ханым»
11.20 «Шыңырау. Оңай олжа»
12.00 «Шыңырау.Құмар ойын құрығы»
12.35 «Семьянин»
14.10 «Мың бала»
14.45 «Шаншар»
18.00 «Ройоны»
19.50 «Ангел-хранитель»
23.45 «Нюхач»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «ТАМАША CITY»
08.05 «П@утина»
09.00 «Воскресные беседы»
09.10 «Калачи»
10.50 «Избранница»
14.55 «Море, горы, керамзит»
18.25 «Большая разница»
20.00 «АНАЛТИКА»
20.45 «Скажи мне правду»
00.15 «Три аккорда»
01.55 «П@утина»
02.40 «ТАМАША CITY»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.25 «Қайтар маған»
10.00 «Парад юмора»
11.45 «Кузница счастья»
16.00 Өмір-сынақ»
20.00,21.00 «Кел, шырқайық!»
22.00 «Последний бросок»
00.00 «Аферисты»
03.10 «Было дело»
04.00 «Кел, шырқайық!»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Апта /қаз/
10.00 Апта /рус/
11.00 «Менің арманым»
11.30 «Домбыра»
12.00 «Жас тілші»
12.30 «Өмірлік бағдар»
13.00 «Ұлт ұяты»
13.40 «Шашу»
14.30 «Әсем әуен»
14.45 «Жетісу-спорт»
15.00 «Шаңырақ»
15.50 «Әсем әуен»
16.20 «Мақсатына жеткендер»
17.00 «Әсем әуен»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Париж-2024»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
20.00 «Сапарлайық»
20.30 «Ділмар»
21.30 «Ел іші - өнер кеніші»
22.00 «Шіркін-ай»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Әзіл студио
07.00 «Маша и медведь»
08.00 Ризамын
08.30 «Tik-Tok» шоу
09.00 Time Vine
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 Кино. «Семейка Аддамс»
12.20 «Похождения императора»
14.10 «Король лев»
16.50 «Боги Египта»
19.40 «Бен-гур»
22.30 «Обитель зла. Апокалипсис»
00.40 «31 Әзіл»
02.10 Ризамын
02.40 Time Vine
03.00 TikTok шоу
03.30 1001 Әзіл
03.40 BALA BATTLE
04.00 What's up?
04.30 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.02 «Q-елі»
07.00,01.50 «Зың-Зың Күлпәш»
08.30 «Синий трактор»
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.00 «Жар-жар»
15.00 «TURAR»
17.00 «Ғаламат ғасыр.Хюррем»
19.00 «Великолепный век. Создание легенды»
22.00 «Кстати, о бабочках»
03.50 «Келесі кім»
05.02 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ДЕРБЕС ЖОСПАРЫ: ҚАЛАҒАН МӨЛШЕРДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

«БЖЗҚ» АҚ-ның 2022-2026 жылдарға арналған Корпоративтік даму стратегиясын іске асыру шеңберінде, оның ішінде проактивті форматты енгізуді ескере отырып, зейнетақы қызметтерін одан әрі жетілдіру жөніндегі міндеттерді қоса алғанда, «БЖЗҚ» АҚ салымшыға көмек ретінде болашақ зейнетақыны жоспарлаудың жаңа құралы – зейнетақы жинақтарының дербес жоспарын іске қосты.

Зейнетақы жинақтарының ағымдағы мөлшеріне және болашақ жарналарға сүйене отырып, зейнетақы төлемдерінің күтілетін мөлшері мен кестесін есептеуге болатын болжамды зейнетақы калькуляторынан айырмашылығы, дербес жоспар пайдаланушыға төмендегілерді өз бетінше іске асыруға мүмкіндік береді. Атап айтсақ:

- зейнетақы жинағының ағымдағы мөлшерін ескере отырып, зейнетақы төлемдерінің өзіңіз қалаған сомасын негізге ала отырып, жарналардың талап етілетін мөлшерін есептеу;

- жинақтаудың дербес жоспарының орындалуына мониторинг жүргізу (автоматтандырылған дербес хабарламалар жүйесі арқылы).

Болашақ жиынтық зейнетақыны бағалау есебі Қазақстанның көп деңгейлі зейнетақы жүйесі шеңберіндегі зейнетақының мынадай құрамдауыштарын қамтиды:

1. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен зейнетақы (базалық зейнетақы және ортақ (еңбек) зейнетақысы).

2. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы:

- Қызметкерлердің табыстарынан БЖЗҚ-ға төленетін 10% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ);

- Жұмыс берушінің БЖЗҚ-ға зиянды еңбек жағдайларында еңбек ететін қызметкерлердің пайдасына аударатын 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ).

3. Қызметкер де, оның жұмыс берушісі де аудара алатын ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы.

Болашақ зейнетақыны жоспарлау қызметі БЖЗҚ сайтындағы Жеке кабинетте қолжетімді. Оған кірген кезде пайдаланушы осы қызметті пайдалану мүмкіндігі туралы біржолғы хабарлама алады. Қызмет түрі және оны қалай пайдалануға болатындығы туралы толық ақпаратпен Сіз экранның жоғарғы жағында орналасқан зейнетақы жинақтарының дербес жоспарын пайдаланушыға арналған жадынамадан таныса аласыз.

Салымшы өзінің зейнетақы жоспарының орындалу үрдісін бақылай алады. Нақтырақ атасақ, МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ түсімдерін, сондай-ақ, жоспарды іске асыру үшін уақытылы шаралар қабылдау үшін айлар мен жылдар бойынша пайыздық және ақшалай мәндегі жоспардың орындалу мәртебесін қадағалай алады. Мысалы, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының жетіспейтін сомасын толықтыру.

Қажет болса, салымшы кез-келген уақытта дербес жоспарының кіріс өлшемдерін өзгерте алады. Мысалы, зейнетақының өзі қалаған мөлшерін басқаша көрсетіп, жаңа жоспарын құра алады.

2023 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША "БЖЗҚ" АҚ-ның САЛЫМШЫЛАРДЫ (АЛУШЫЛАРДЫ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ НАУҚАНЫ

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс БЖЗҚ салымшыларының шоттары 2024 жылдың 2 айында шамамен 343,6 мдрд теңгені болды және өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 139,21 млрд. теңгеге немесе 68%-ға асып түсті.

Салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы жыл басынан бастап 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1,91% құрады. 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы - 0,11%.

Инвестициялық табыс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар бойынша) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. жинақталады. ҚРҰБ және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық табыс алу мақсатында зейнетақы активтерін экономиканың түрлі секторларының сенімді қаржы құралдарына ҚР-да және шетелде 2 түрлі валюталарда орналастырады. Осындай әртараптандыру есебінен тұрақты инвестициялық кірістілік қамтамасыз етіледі.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелінің құрылымында МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен 2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша валюталар бөлінісінде АҚШ долларында номиналданған қаржы құралдары - 32,2%, ұлттық валютада - 67,8%. Зейнетақы активтерінің ЖКЗЖ бойынша инвестициялық портфеліне тек ұлттық валютада көрсетілген қаржы құралдары кіреді.

Инвестициялық кірістілік 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылдың 1 наурызына өспелі қорытындымен бүкіл кезеңдегі инфляция 770,54% болған кезде 833,94% құрады. Осылайша, ұзақ мерзімді перспективада жинақталған инвестициялық кіріс инфляциядан асып түсті.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда инфляция деңгейін ескере отырып, міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына бірегей кепілдік бар. Төлемдер құқығы басталған кезде салымшының жинақталған кірістілігіне әсер еткен жекелеген кезеңде кірістілік төмендеген жағдайларда айырманың өтемақысына мемлекет кепілдік береді.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың бүкіл жүйесі ашық болып табылады: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы жеке кабинетінде немесе мобильді қосымшада өзінің инвестициялық табысын көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және БЖЗҚ зейнетақы активтері орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат БЖЗҚ ресми сайтындағы (www.enpf.kz) «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген қызықты және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын БЖЗҚ /ЕНПФ YouTube-арнасында көруге болады.

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы шартты зейнетақы шоттарының (ШЗШ) саны 3,05 млн бірлік болды. Онда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ және өзге де түсімдер туралы мәліметтер ескеріледі.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөліміне орналастырылған.

ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ НЕЛІКТЕН УАҚЫТЫЛЫ РЕСІМДЕУ КЕРЕК?

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) Қорда міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар және жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына жеткен адамдардың, сондай-ақ, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдардың БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша алуға құқықтары бар екенін еске салады.

Қордан зейнетақы төлемдерін зейнет жасына толуына байланысты тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға, ал бірінші немесе екінші топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты төлем алу үшін Қор бөлімшелеріне, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар болса БЖЗҚ сайты арқылы уақытылы жүгінулері қажет. Алушы зейнет жасына толғанға дейін 10 күн бұрын ХҚКО-ға өтінішпен бірге қажетті құжаттарын өткізуі керек. Біз осы мерзімді қатаң сақтауға кеңес береміз. Себебі, бұл мемлекеттік зейнетақыны алу үшін өте маңызды, оны тағайындау үшін ұсынылған құжаттар бойынша еңбек өтілін тексеру қажет. Оған қоса, заңнамаға сәйкес жасына байланысты зейнетақы және мемлекеттік базалық төлем тағайындау өтініш берілген күннен бастап жүргізіледі. Мұндай күн болып өтініш пен қажетті құжаттар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация, ХҚКО) тіркелген күн есептеледі.

Естеріңізге сала кетейік, жасы бойынша зейнетақыны жалпыға бірдей белгіленген зейнет жасына толған адамдар ала алады: 2024 жылы ерлер 63 жасқа, әйелдер 61 жасқа толғанда. БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша проактивті қызмет көрсету мақсатында зейнет жасына толған, Қорда зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш білдірмеген тұлғалар бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорациямен бірлесіп, осындай азаматтарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдерінің және бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығын жыл сайын салыстырып, тексеру жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайынғы салыстыру нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен тағайындалған зейнетақы төлемдері бар адамдар анықталған кезде БЖЗҚ оларға Мемлекеттік корпорациямен жасалған тиісті келісім шеңберінде зейнетақы төлемдерін жүзеге асырады.

Мәселен, ағымдағы жылдың 1 наурызына қарай жыл сайынғы салыстыру нәтижелеріне сәйкес зейнетақы жасына толған, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және оны төлеуге өтініш білдірмеген 200 мыңға жуық адам Мемлекеттік корпорацияның мәліметтері бойынша анықталды:

• 45 мыңға жуық адам жасына байланысты зейнетақы төлемдерін/базалық зейнетақы алмайды;

• шамамен 92 мың адам бюджет қаражаты есебінен жасына байланысты/базалық зейнетақы/еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алады, оның ішінде:

- ағымдағы жылы 20 мыңға жуық азамат БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемін алу үшін тұрғылықты жері бойынша ХҚКО-ға өз бетінше өтініш білдірді;

- 72 мыңға жуық азаматқа салыстыру нәтижелері бойынша БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері проактивті форматта тағайындалды;

• 63 мыңға жуық адам Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен не қайтыс болған адамдар санатында.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген салыстырып тексеру нәтижелері бойынша БЖЗҚ ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларында 72 мыңға жуық азамат ХҚКО-ға проактивті форматта жүгінбесе де, БЖЗҚ оларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асырды.

ҚОРШАҒАН ОРТА

ОРМАНДЫ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТАЙЫҚ

Табиғат – тылсым жаратылыс. Ал адам баласы сол жаратылыстың ажырамас бөлігі. Біздің жасаған әрекетіміз, ісіміз табиғатқа әсер етпей қоймайды.

Өрттің артында адам және табиғат тағдыры тұр. Орман мен дала өрттеріне далада жатқан шыны, сынық әйнектердің қызуы, жол бойындағы автокөліктерден өшірілмей лақтырып кеткен темекі тұқылдары, шөп ору жұмыстарына қатыстырылатын тракторлар мен агрегаттардың жарамды өрт өшіргішпен жабдықталмауы, аңшылықтың салдары, ауыл шаруашылығының жұмысшылары кепкен шөп, кесілген ағаш қалдықтары бар жерлерге от жағуы, егістік орнын өртеуі себеп болуы ықтимал.

Орман өртін сөндіру оңай шаруа емес. Сондықтан, оған жол бермеудің алғышарттарын қатаң сақтау қажет. Қас қағым сәтте қалың орманның өзін күлге айналдырып жіберетін өрттің адам өміріне, табиғатқа, орман-тоғайларда тіршілік ететін аң-құстардың және олардың ұяларының жойылуына қауіпі басым.

«Қазақстан Республиканың ормандардағы өрт қауіпсіздігі» ережесіне сәйкес жас ағаштар, қураған шөпті жерлер маңайына от жағуға тыйым салынады. Өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамаған кінәлі тұлғалар жасаған құқық бұзушылығының ауырлығына сай Қазақстан Республикасының заңнамаларына, яғни Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы және қылмыстық кодекстеріне сәйкес тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

Орманды өрттен қорғау – әрбір адамның міндеті.

Айдар НҰРАЛИНОВ,
Қаратал орман шаруашылығы КММ-нің орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЛБЕТ

КӨҢІЛІНІҢ ТЕРЕЗЕСІ ТҰП-ТҰНЫҚ

Жыл көшеді өмір жүгін теңдеген,
Бағзы кезден бақ-құтымыз елменен.
Жақсы адамның өсіретін мерейін,
Жақсы лебіз – жақсы сөзге кенде емен.

Алла тағала пендесіне он екі мүшені тең бергенімен, ақыл, пайым, парасатты өздеріне қалдыратын көрінеді. Сол себепті әркім өз түсінігінде, өз биігінде ғұмыр кешеді. Күні ертең жетпіс жасы желкенін керіп тұрған көңілінің терезесі тұп-тұнық мерейгер Базархан Жолдасқызы Алатаудай арманымен алға қадам басқандар қатарында.

Алакөл ауданына қарасты Бұлақты ауылында дүниеге келіп, мектептен соң үздік оқуының нәтижесінде еңбек жолын Ұялы сегіз жылдық мектебінде неміс тілі пәнінің мұғалімі болып бастап, бастапқыда техникумда, кейіннен жоғарғы оқу орнында бухгалтерлік мамандықты игеріп, өз мамандығын адал атқарған Базкең бүгін құрметті еңбек демалысында. Туған жері Алакөл болғанымен, қалыптасқан өңірі Сарқан ауданы. Осы жерде ынтымақты отбасының алтын діңгегіне айналды, осы жерде балалары дүниеге келді, осы жерде дос тапты, туыс тапты. Бір сөзбен айтқанда осы өңірде абырой асқарынан көрінді.

* * *

Алдан асу-белестер қол бұлғайды,
Уақыт деген бір орында тұрмайды.
Сізді, Базке, дүниеге әкелген,
Маусым айын ескермеуге болмайды.

Ол маусым айының 2-сінде дүние есігін ашыпты. Ата-анасы өмірі базарлы болсын деген ниетпен ерекше есім сыйлапты. 1974 жылы анасы Мағрипаның ақ батасын алып, сарқандық жас Дәулетпен қол ұстасып, үлкен өмірге қадам басыпты. Бір жылдан соң Талдықорғандағы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумның бухгалтерия бөлімін бітірген Базархан Айнақұлова «Энергия» ұжымшарына бухгалтер болып қабылданады. Жолдасы Дәулет Алмағанбетов еңбек жолын мал дәрігерліктен бастап, кейіннен жоғары білім алып, осы шаруашылықта бас мал дәрігері болған білікті азамат. «Энергияда» 20 жыл үздіксіз есепші қызметін атқарған Базархан аудан орталығына көшіп келген соң 1995-2014 жылдар аралығында Сарқандағы ауданаралық туберкулез ауруханасында бас есепші қызметінде болды. Зейнет демалысына осы мекемеден абыройлы шыққаны күні кеше ғана сияқты еді.

* * *

Көңілінің гүлі ешқашан солмасын,
Өткен күннің естелігі тозбасын.
Мамыражай маусым айы тамаша,
Жекеменшік мерекеңіз болғасын.
Жан-дүниеңіз өлең сөзді, әнді ұғып,
Көп ішінде жүрген қандай паң күліп.
Көздің нұрын көркемдікке жұмсаған,
Ел назары сізге ауғаны заңдылық.

Қанағатты әдетке айналдыра білген жан адамшылық жолдан таймайды. Адамшылық жолдан таймағандар ашкөзділіккe салынбайды. Ашкөзділіккe салынбағандар бөгденің дүниесіне сұқтанбайды. Біздің кейіпкерімізге, міне, осындай қасиет тән.

Расында да Базархан Жолдасқызы өзіне тән болмыс-бітімі арқылы дараланды. Салмақты сөздерімен кеңесуші тарапты ұйыта біледі. Шырқау үнімен ән бастағанда елең етпейтін тыңдаушы жоқ. Іскерлігі мен табандылығы көптің көңілінен шығып, ел құрметіне бөленді. 2019 жылы Алматы облысына кеңінен тарайтын «Кәсіпкер» журналында Базархан Жолдасқызы Айнақұлованың өткені мен бүгінін кеңінен қамтыған «Уақыт бағасы мен жетістік жолы» атты мақала жарияланды. Мақала авторы Ілескен Әлбатырұлы салиқалы тірлік дүниесінде адал еңбегінің, ашы терінің өтеуін көріп, адал кәсіптің сауабын алып жүрген кейіпкеріміздің өмірдерегін журналдағы жарияланымға арқау етіпті.

«Өмірде өз орнын, өз салмағын білген адамның тәжі басында» дейді шығыс даналығы. Тағы да сол халқымыз «Ісі түзу төрге шығады» деп аталы сөз қалдырған. Айналасы ардақтайтын, сіңлілері ақылшы санайтын мерейгердің берекелі бүгіні мені айт деп сұранып тұрады. Задында жақсы адамдар елдің ырысы болса, жақсы сөз жанның тынысы емес пе?

* * *

Жан-дүниеңіз жақын сірә өнерге,
Бағалаймыз келген жан деп кемелге.
Жаны сұлу жұлдыздарды жердегі,
Кім сенеді егделенді дегенге.
Ұл-қыз сүйдің қамын ойлап ертеңнің,
Өткірлігін – алмас жүзі семсердің.
Жігерлі боп жеткеніңіз жетпіске,
Ел айтады арқасы деп Дәукеңнің.

Жастайынан кітапты серік еткен Базархан Жолдасқызы әлі күнге дейін жаңа шығармаларды да назарынан тыс қалдырмайды. Прозаны да, поэзияны да саралап, таңдап, талғап оқиды. Шын мәнінде мамандығы өнерден алыс болғанымен Базкең туа бітті әнші. Репертуарында патриоттық, лирикалық әндер жетіп артылады. Сондықтан да ауданның мәдени шараларына Базкеңнің қатысуын қалап тұратын тыңдармандары аз емес.

Зейнетке шығып, отбасылық бизнесті қолға алғанда ері Дәулет Жәлелұлының қолдауына арқа сүйеп, қалаға кіре берістегі ғимаратты адам танымастай өзгерткенін ел біледі. «Айзере» қонақ үйі мен дәмханасы 40 жыл есепшоттың қыр-сырын меңгерген Базкеңнің тұсында келушілерден арылмады. Қаншама жолаушы дәмді тағамы мен мәдениетті қызметтері үшін алғыстарын ақтарды. Қаншама адамды жұмыспен қамтып, олар нәсібін осы кәсіптен тапты.

Қазіргі таңда Дәулет пен Базархан Талдықорғанның тұрғыны. Дегенмен, бақытының базарына айналған Сарқаннан ат үзіп кеткісі келмейді. Ұрпағының қызық-қуанышына ортақтасатындар да, отбасылық достары да, туған-туыстары да осы жерде. Тұңғышы Махаббат пен Бауыржаннан, ұлы Ерлан мен Іңкәрдан, кенжесі Дәурен мен Динарадан 8 немере көріп, тұңғыш немересінен шөбере сүйіп отырған ата мен әже өркендерін өсіріп отырған заманға риза, бастарындағы бақыттарын да бағалай біледі.

Өзгелерге ұқсап, кейде ұқсамай,
Қиял құсым қия-шыңға ұшқаны-ай.
Сізді әкелген жетпіс жасқа жетелеп,
Уақыт жүйткіп бара жатыр
тоқтамай.

Келсе екен деп сексен, тоқсан тұр
аңдап,
Жақсы атын жақсы амалы шығармақ.
Амал қанша, ұстатпайтын түлкідей,
Өмір зулап бара жатыр бұлаңдап.

Өмірде бұл айқын, Базке, ізіңіз,
Бақ-ырыстың айдынында жүзіңіз.
Құтты болсын жылуы мол жетпіс
жас,
Құтты болсын берекелі күзіңіз!

Жомарт ИГІМАН

АКЦИЯ АЯСЫНДА

АЛДЫН-АЛУ ШАРАСЫ ӨТТІ

«КЕЗЕКТІ ДЕМАЛЫСТА ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАСЫЗ» АТТЫ АКЦИЯ АЯСЫНДА ЖОЛДА ЖҮРУ КЕЗІНДЕ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН БОЛАТЫН ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ЖЕКЕ КӨЛІКТЕРМЕН ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫН АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАСЫ ӨТТІ.

Шараға Жетісу гарнизоны Әскери полиция бөлімі бастығының (қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі) орынбасары бөлімше бастығы майор Айбын Сәмбетбаев, алдын алу бөлімшесінің бастығы, әділет майоры Нұрбол Зейтинов, Қаратал аудандық полиция бөлімінің мемлекеттік көлік инспекторы, полиция аға лейтенанты Асхат Жүнісов, әкімшілік тәжірибе тобының инспекторы, полиция аға лейтенанты Нұрман Омаров 15603 және 55078 әскери бөлімдерінің лауазымды және жауапты тұлғалары қатысты.

Акция аясында жол-көлік оқиғаларын алдын алу, болдырмау және заң талаптарын қатаң түрде сақтау бойынша мәселелер қаралды.

НАУҚАН

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ЖИНАҚТАУ ПУНКТІНДЕ ЖАСТАРДЫ ОТАН АЛДЫНДАҒЫ БОРЫШТАРЫН АТҚАРУҒА САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ ӘСКЕРГЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ.

ӘСКЕРГЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Шарада әскерге аттанушы жастардың ата-аналары ұлдарының аман-есен Отан алдындағы борыштарын атқарып келулеріне ниет білдіріп, зор ықыласпен шығарып салды.

Әр азамат үшін әскерге барып келу үлкен өмір мектебі. Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті. Себебі, туған жерді, елді, атамекенді қорғау – қасиетті борыш.

Елімізде наурыздың бірінен бастап азаматтарды көктемгі әскерге шақыру науқаны басталды. Биыл өңірден 2000-нан астам адам әскер қатарына қосылады деп жоспарланған.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЭТО ИНТЕРЕСНО

РАСКРЫТА ТАЙНА СТРОИТЕЛЬСТВА ЕГИПЕТСКИХ ПИРАМИД

МНОГОВЕКОВОЙ СЕКРЕТ ДРЕВНОСТИ – БОЛЬШЕ НЕ СЕКРЕТ. ПИРАМИДЫ В ГИЗЕ И ЕЕ ОКРЕСТНОСТЯХ НА ПРОТЯЖЕНИИ ТЫСЯЧЕЛЕТИЙ ПРЕДСТАВЛЯЛИ СОБОЙ УВЛЕКАТЕЛЬНУЮ ЗАГАДКУ. НАКОНЕЦ, ОТВЕТ ПОЛУЧЕН. КАК ДРЕВНИЕ ЕГИПТЯНЕ ПЕРЕМЕЩАЛИ БЛОКИ ИЗВЕСТНЯКА, НЕКОТОРЫЕ ИЗ КОТОРЫХ ВЕСИЛИ БОЛЕЕ ТОННЫ, БЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КОЛЕС? ПОЧЕМУ ЭТИ ПОГРЕБАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ БЫЛИ ПОСТРОЕНЫ В ОТДАЛЕННОЙ И НЕГОСТЕПРИИМНОЙ ПУСТЫНЕ? В ЧЕМ ЖЕ ТАЙНА ПИРАМИД, РАЗБИРАЕМСЯ ВМЕСТЕ С УЧЕНЫМИ В ЭТОЙ СТАТЬЕ.

Десятки египетских пирамид, некоторые из которых находятся в Гизе. Новое исследование, опубликованное в журнале Communications Earth & Environment, предлагает возможный ответ, предоставляя новые доказательства того, что вымерший рукав реки Нил когда-то пересекал ландшафт в гораздо более влажном климате. В исследовании говорится, что водный путь окружают десятки египетских пирамид длиной 40 миль, включая самый известный комплекс в Гизе.

Согласно исследованию, водный путь позволял рабочим перевозить камень и другие материалы для строительства памятников. Приподнятые дамбы тянулись горизонтально, соединяя пирамиды с речными портами на берегу Нила.

Мы отправились в прошлое и сумели заснять процесс строительства. Засуха в сочетании с сейсмической активностью, которая изменила ландшафт, скорее всего, привела к тому, что река со временем высохла и в конечном итоге заполнилась илом, удалив большую часть его следов.

Исследовательская группа основывала свои выводы на данных со спутников, которые посылают радиолокационные волны, чтобы проникнуть через поверхность Земли и обнаружить ее скрытые особенности. Чтобы найти и проследить следы древнего водного пути, ученые также опирались на керны отложений и карты 1911 года. Такие инструменты помогают ученым-экологам составить карту древнего Нила, который сейчас покрыт песком пустыни и сельскохозяйственными полями.

Эксперты на протяжении десятилетий подозревали, что лодки перевозили рабочих и инструменты для строительства пирамид. Некоторые прошлые исследования выдвинули гипотезы, аналогичные новому исследованию; Новые результаты подтверждают теорию и отображают гораздо более широкую область.

«Картирование древней системы каналов Нила было фрагментировано и изолировано», — написал автор нового исследования Эман Гонейм, профессор наук о Земле и океане в Университете Северной Каролины в Уилмингтоне. «Древние египтяне использовали водные пути для передвижения чаще, чем мы думали».

В исследовании рассматривается 31 пирамида между Лиштом, деревней к югу от Каира, и Гизой. В комплексах пирамид находились гробницы египетских царей. Рядом часто хоронили высоких чиновников.

Некоторые из гранитных блоков, использованных для их строительства, были доставлены из мест, находящихся в сотнях миль к югу от грандиозной «стройки». В некоторых случаях блоки могли быть «гигантскими» весом в несколько тонн.

В прошлом исследователи предполагали, что египтяне могли прорыть каналы к местам пирамид. Но новые теории предполагают, что Нил находился ближе к пирамидам, чем когда-то думали исследователи. Археология стала более научной, появились георадарные и спутниковые снимки, которые помогают улучшить карты Древнего Египта.

Результаты исследований показывают, что тысячелетия назад египетский климат в целом был более влажным, а Нил нес больше воды. Он разделился на несколько ветвей, одна из которых — ее называют Ахраматветвью — имела длину около 40 миль.

Местоположение комплексов пирамид, включенных в исследование, по времени соответствует оценкам местоположения рукава реки, по мнению авторов, по мере того, как уровень воды прибывал и падал на протяжении веков.

Кроме того, несколько храмов-пирамид и дамб, по-видимому, выстроены в линию с древним руслом реки, что позволяет предположить, что они были напрямую связаны с рекой и, скорее всего, использовались для перевозки строительных материалов.

Исследование основано на исследованиях 2022 года , в которых использовались древние свидетельства пыльцы болотных видов, чтобы предположить, что водный путь когда-то пролегал через современную пустыню.

Хадер Шейша, автор этого исследования, который сейчас является доцентом кафедры естествознания Университетского музея Бергена, сказал, что новые результаты добавляют столь необходимые доказательства для поддержки и расширения теории.

«Новое исследование, в соответствии с нашим исследованием, показывает, что, когда были построены пирамиды, ландшафт отличался от того, который мы видим сегодня, и показывает, как древние египтяне могли взаимодействовать со своим физическим миром и использовать окружающую среду для реализации своих огромных проектов. — сказала Шейша в электронном письме.

Скорее всего ветвь Ахрамат со временем сместилась на восток, и этот процесс мог быть вызван засухой около 4050 лет назад. Затем она постепенно растворилась и покрылась илом. Ученые планируют расширить свою карту и работать над обнаружением дополнительных погребенных рукавов поймы Нила. Определение очертаний и формы древнего рукава реки может помочь исследователям найти остатки поселений или неоткрытых мест до того, как эти территории будут застроены.

Египет — это огромный музей под открытым небом, и, мы уверены, здесь будет еще немало открытий. Кстати, недавно, в сети появились фото из недавно найденных в пирамидах секретных комнат. Посмотреть можно здесь.

Автор: Hi-Tech Mail.ru

МЕДИАЦИЯ

АЛЬТЕРНАТИВНЫЕ ПРОЦЕДУРЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ СПОРОВ

В целях создания для граждан и юридических лиц правовой основы для выбора способа разрешения возникшего спора (конфликта), в том числе и без обращения в соответствующие государственные органы, а также в целях упорядочения деятельности лиц, участвующих в урегулировании конфликтных ситуаций (медиаторов) 28 января 2011 года принят Закон Республики Казахстан "О медиации". Медиация (от англ. mediation - посредничество) по своей сути означает содействие третьей незаинтересованной стороны двум или более другим в поисках соглашения в спорной или конфликтной ситуации, основными принципами которой является добровольность, равноправие сторон медиации, независимость и беспристрастность медиатора, недопустимость вмешательства в процедуру медиации и конфиденциальность.

Этот выгодный способ в урегулировании конфликтных ситуаций закреплен и совершенствован действуюшем с 1 января 2016 года последнем ГПК РК. В частности, одним из новшеств в этих нормативных актах предусмотрены продвижение альтернативных процедур регулирования споров. Примирительные процедуры регулируется главой 17 Гражданского Процессуального Кодекса РК. Мировое соглашение (мировая сделка) это договор, которым стороны прекращают спор или устраняют иную неопределенность в своих правоотношениях посредством взаимных предоставлений (уступок). Иными словами мировое соглашение – это обычный гражданско-правовой договор, которым стороны прекращают судебный спор и устанавливают новые права и обязанности. В настоящее время существуют виды альтернативных процедур регулирования споров такие, как переговоры, медиация, претензионный порядок. Дополнен исполнительной надписью, партисипативной процедурой, судебной медиацией.

Исполнительная надпись – нотариальные действия нотариуса. Новый хорошо забытый старый вид деятельности нотариуса, направленный на проведение примирительных процедур. Исполнительная надпись применяется при условии предоставления документов, подтверждающих бесспорность задолженности или иной ответственности должника перед взыскателем, а также если со дня возникновения права на иск прошло более трех лет. Партисипативная процедура является совершенно новой процедурой, суть которой заключается в ведении переговоров участниками спора при активном участии адвокатов без судьи или другого нейтрального третьего лица. В этой процедуре адвокаты должны содействовать примирению спорящих сторон и нахождению взаимовыгодного решения, так как исход партисипативной процедуры зависит от них.

Стороны в медиации не только решают спор путем переговоров, но и стараются сохранить дружественные отношения после медиации. При разрешении спора в процедуре медиации стороны не стараются доказать правоту или обосновать требования и возражения, а наоборот стараются достичь такого разрешения конфликта, которое устраивало бы обе стороны.

Процедура медиации внедрена в судебную систему для расширения сферы применения медиации и уменьшения нагрузки на судей, В целом, утвержденные судом соглашения об урегулировании спора в в порядке суд медиации и классической медиации, а также соглашение в порядке партисипативной процедуры имеют такую же юридическую силу, как мировое соглашение. Следовательно, принудительное исполнение данных соглашений производится по правилам исполнения мирового соглашения. Такие способы разрешения возникших спор мирным путем очень выгодны и удобны для граждан и в финансовом плане и исключает волокиту и затягиванию спора.

Олег АНИСИМОВ,
председатель Текелийского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ДЕМЕУШІЛЕР ӨЗ ҚАРАЖАТЫНА ЖАҢА СПОРТТЫҚ НЫСАНДАР САЛУДА

ТАЛДЫҚОРҒАНДА «ЖЕТІСУ» КӘСІБИ ВОЛЕЙБОЛ КЛУБЫНА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУ БАЗАСЫ САЛЫНЫП БІТУГЕ ТАЯУ. ОНЫҢ ЖАНЫНАН ДЕМЕУШІЛІК ҚАРАЖАТ ЕСЕБІНЕН КЛУБ СПОРТШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНУДА. СОНЫМЕН ҚАТАР ДЕМЕУШІЛЕР ҚАЛАДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАЛАПТАР МЕН СТАНДАРТТАРҒА САЙ КЕЛЕТІН ТАҒЫ БІР СПОРТ НЫСАНЫ – ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ОРТАЛЫҒЫН САЛЫП ЖАТЫР. ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ТАНЫСТЫ.

Алдымен Бейбіт Исабаев жаттығу базасына барды, онда жақын күндерде «Жетісу» КВК ерлер мен әйелдер командаларының негізгі құрамы, сондай-ақ жастар құрамы жаттығатын болады. Айта кетсек, Қазақстанда бұл спорттық жаттығу базасының баламасы жоқ. Онда әйелдер мен ерлер құрамының жаттығуына арналған екі бөлек зал бар. Сондай-ақ, спорт залы және қажетті әкімшілік және санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар, медициналық, массаж бөлмелері бар. Облыс әкімі мердігер ұйымның өкілдерімен, «Жетісу» КВК директорымен бірге объектіні жайластыру, спорттық жабдықтарды орналастыру, іргелес аумақты абаттандыру мәселелерін талқылап, сондай-ақ клубты дамыту жоспарлары туралы айта келе, спортты коммерцияландыру, тиісінше клуб жүйесіне кезең-кезеңімен көшу жүргізіліп жатқанын атап өтті. *«Қабылданған шаралар мен демеушілік қолдаудың арқасында біздің «Жетісу» кәсіби волейбол клубында жаттығу өткізуге арналған жеке спорттық база мен клубтың волейболшыларына арналған тұрғын үй салынуда. Келесі жылы волейболға бейімделген мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Жалпы білім беретін мектептерден волейболға таланты бар балалар іріктеледі. Бұл мектепте олар волейболмен белсенді айналысады. Осылайша, өз ойыншыларымызды үйретіп, өз чемпиондарымызды тәрбиелеп шығарамыз»,* – деді Б.Исабаев.

Жаттығу базасының ғимаратын салу мен безендіру бағытындағы құрылыс-монтаждау жұмыстарының басым бөлігі іс жүзінде аяқталды, енді жаттығу залдарын жайластыруға ерекше назар аударылатын болады. Бұл залдарда ең маңыздысы жоғары сапалы спорттық еден жабыны төселеді, сондай-ақ іргелес аумақ абаттандырылады. «Жетісу» КВК директоры Нияз Жантілеуовтың айтуынша, спортшыларға арналған шағын отбасылық тұрғын үй 40-45 орынға есептелген. Жертөлесі бар төрт қабатты ғимараттың 2 кіреберісі болады. Олардың бірінде 12 бір бөлмелі және 3 екі бөлмелі, ал екіншісінде жеке ванна бөлмелері бар 26 бөлме бар. Сондай-ақ қажетті санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар қарастырылған. Облыс әкімі осындай мүмкіндіктерден кейін клуб өзінің ойын деңгейін көтеруі керектігіне ерекше екпін түсірді.

Мұнан соң Бейбіт Исабаев толықтай демеушілік қаражат есебінен салынып жатқан, халықаралық талаптар мен стандарттарға сай келетін үстел теннисі орталығына барды. Нысанда темірбетон жұмыстары аяқталуға жақын. Әзірге құрылысқа 25-ке жуық адам жұмылдырылған, алдағы уақытта жұмысшылар саны арттырылады. Жаттығулар мен жарыстар өтетін залдың жалпы ауданы 1600 шаршы метр, 150 орындық трибунасы бар. Орталыққа 16 теннис үстелі орнатылады, халықаралық жарыстар кезінде тек 9 үстел ғана қалдырылады. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Ұлан Рысқұлдың айтуынша, ғимараттың екінші қабатының пайдалы алаңын неғұрлым тиімді пайдалану үшін шахмат клубын ашу көзделіп отыр. Облыс әкімі жаңа спорт нысанының аумағын абаттандыру мәселелеріне ерекше назар аударды. Көгалдандыру, тұрақ орындарын орналастырудың жоспарлары талқыланды. Бейбіт Өксікбайұлы өңірдегі жаңа спорт нысандары резервтік бюджет пен демеушілік қаражаттың арқасында бой көтергенін атап өтті.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЕСКЕ АЛУ

ЖҮГІРУДЕН ЧЕЛЛЕНДЖ ӨТТІ



Талдықорғанда он шақырым жүгіру челленджі ұйымдастырылды.

Челлендж Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов пен Рейхстагқа жеңіс ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арналды.

Шараны ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі Әскери-техникалық мектебі Талдықорған филиалы. Отызға жуық курсантпен оқытушылар және мектеп директоры толыстағы подполковник Мекебек Жамауов өзі бастап бес шақырымды ту ұстап жүгіріп өтті.

Қазіргі таңда қос батырдың мерейтойларына арналған елімізде бірқатар іс-шара өткізілуде.

Жетісу гарнизонының баспасөз қызметі.

ШАРА

«ЛУДОМАНИЯДАН САҚТАНЫҢЫЗ»

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ ПАНФИЛОВ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫМЕН ОЙЫНҚҰМАРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНАН ДІН ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ МАМАНЫ ҚАНАТ МҮТЕБАЕВ ПЕН АУДАНДЫҚ ІШКІ САЯСАТ МАМАНЫ ЖҰЛДЫЗ АНАРБЕККЫЗЫ САБАҚ ӨТКІЗДІ.

«Лудомандар – құмар ойынының жолына түскен адамдар. Казино мен букмекерлік компаниялар жұмысы барынша қарқынды дамыған кезден бері «лудомания» деген термин кеңінен қолдана бастады. Аурулардың халықаралық классификациясы бойынша лудомания аурулар тізіміне енгізіліп отыр. Бұл құрыққа ілінгендердің саны тез өсуде. Осы мәселенің алдын алуда білікті мамандардың көмегіне жүгіне отырып, бұқараны ақпараттандыру ғана мәселенің жолын кесуге мүмкіндік береді» – деді дін ғылымдарының маманы Қанат Мүтебаев.

Кездесу сағатында әскери қызметшілер мамандарға өздерінің көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің баспасөз қызметі.

ҚОРШАҒАН ОРТА

МАРАЛ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Марал – тауды мекен ететін бұғының бір түрі болып табылады. Аталықтарының бойы 1,5 метрге, ал салмағы 300-350 килограмға дейін жететін үлкен жануар. Аналықтары кішірек болады. Маралдар орманды алқаптарды мекен етіп, өзендердің жағаларына жиі келеді.

Өздері өте сақ болғандықтан, маралмен орманның ішінде бетпе-бет кездесу мүмкін емес десе де болады. Адамның жақындағанын сезсе болды, қалың орманның ішіне қашып кетеді. Бірақ маралдарды «қарусыз» деуге де әсте болмайды. Мәселен, күзгі күйік кезінде аталықтары бір-бірімен мүйіз түйістіріп, айқасады. Бұл кезеңде қасқыр сияқты жыртқыш аңдардың өзі олардан аулағырақ жүреді. Маралдар көшіп жүреді. Мәселен қыста орманды жерлерде жүрсе, жазда тауларды беттейді. Олар ормандағы барлық шөптесін өсімдіктерді, жаңғақ, бүлдіргендерді қорек етеді.

Маралдар бірінші кезекте өздерінің мүйіздерімен әйгілі. Олардың қатаймаған жас мүйіздерінің іші қуыс болып, қанға толы болады. «Панты» деп аталатын осы мүйіздерінде өте күшті емдік қасиеті бар биологиялық белсенді заттар болады. Көктемде өсе бастайтын мүйіздері қыстың соңына таман түсіп қалады. Жаңадан шыққан мүйіздер тез өсіп, күніне 2,5 см-ге дейін ұзарады. Егер алғашында олар жұмсақ болса, кейін қатая түседі. Маралдардың көркі де, «соры» да мүйізі. Сондықтан да мүйізі жетіліп келе жатқанда маралдарды браконьерліктен қорғау мақсатында Жоңғар орман шаруашылығы КММ-нің қызметкерлері қосымша шаралар өткізуде. Атап айтсақ, марал мекендейтін алқаптарға ішкі істер органдарымен бірлескен рейдтер жүргізіліп, уақытша бақылау орындары ұйымдастырылды.

Құрметті жерлестер! Жоңғар орман шаруашылығы КММ-сі заңсыз аң аулаушылар ҚР заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылатынын ескертеді. Атап айтсақ, ҚР ӘҚБ.т.К-нің 382 бабына сәйкес 5-тен 1000-ға дейінгі АЕК мөлшерде айыппұл салынады, ал ҚР Қылмыстық кодексінің 337 бабына сәйкес 300-ден 2000-ға дейінгі АЕК мөлшерінде айыппұл салынады, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тартылады, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға әкеліп соғады.

Орман-тоғайымыздың көркін келтіретін маралдарды қорғап, санын көбейту, сондай-ақ келер ұрпаққа жеткізу баршамыздың борышымыз екенін есімізден шығармайық.

С. РАХИМБЕРГЕНОВ, «Қапал орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аңшы маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КЕРЕК КЕҢЕС

КҮРІШ ЫДЫСҚА ЖАБЫСЫП ПІСПЕС ҮШІН...

Күріш – көп тағамда қолданылатын дәмді және пайдалы жарма түрі. Алайда кейде оны суға пісірген кезде ол табаға жабысып қалады. Ол ыдысқа және бір-біріне жабыспай пісу үшін не істеу керек?

Күріш – диеталық өнім. Қайнатылған күріштің 100 грамында небәрі 110-120 калория бар. Күрделі көмірсулар сізді ұзақ уақыт қанықтырады және артық тамақтанудан сақтайды. Себебі күрделі көмірсу адам ағзасында қорытылмайды, бірақ ішек жұмысын жақсартады, пайдалы бактериялардың дамуына жағдай жасайды. Күріштің 100 граммында 2,6 грамм ғана май бар. Күріш жүйке жүйесіне қажетті В тобындағы дәрумендерге, калий, марганец, мырыш, магний, фосфорға бай.

Күріш жеңіл қорытылады және диарея мен іш кебу бірге жүретін асқазан-ішек аурулары үшін пайдалы.

Күріш пісіру кезінде нені ескеру керек?

Ең алдымен күріштi жақсылап жуу маңызды. Суыңыз мөлдір болғанша оны бірнеше рет жуу керек. Бұл күріштегі крахмал толықтай шайылды дегенді білдіреді.

Күріш ыдыс түбіне жабысып қалмас үшін барлық асүйде болатын жеміс көмектеседі. Бұл лимон. Күріштi отқа қойғаннан кейін және су қайнағанға дейін оған аздап лимон суын құйыңыз: шамамен бір ас қасық.

Тағы бір әдіс бар. Су қайнамай жатып оған өсімдік майын (2-3 ас қасық) құюға болады. Сол кезде күріш үгілмелі және біртекті болып піседі.

ЕЛ АУЗЫНАН

ДЕГЕН ЕКЕН...

Қалтай Мұхамеджановқа біреу:

– Қалеке, проза неге жазбайсыз? Әсілі, талаптанып көрдіңіз бе? – деп сұрапты. Сонда Қалтай:

– Көрдім. Бірақ пьеса болып кете береді, – деген екен.

* * *

Алматыда якут-саха әдебиетінің күндері өтіп, Қазақстан Жазушылар одағының «Қаламгер» кафесінде дастархан жайылады. Әріптестер бір-бірімен әзілдерін жарастырып арқа-жарқа болып отырғанда, саха меймандардың бірі сөз алып:

– Біз ежелден қанымыз да бір, шыққан тегіміз де бір туысқан халықпыз. Мына ұлан-ғайыр далаларыңызда ұжымымыз жарасып, бірге ғұмыр кешкен кездеріміз болған. Бірақ, сендер, қазақтар бізді осы кең далаға сыйғызбай қуып тастағансыңдар! – деп, үлкен өкініш-өкпе сияқты ойын айтады.

Достық көңілдің дастарханында мұндай сөздің айтылғанына екі жақтың да адамдары ыңғайсызданып қалады. Сол кезде, Қалтай Мұхамеджанов отырып:

– Ау, бауырым-ау, ағайын арасында өкпе-наз деген бола береді ғой. Бірақ, өздеріңде де бар, қуды екен деп сонша алысқа қаша бере ме екен! – десе керек.

* * *

Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы қызметін атқарып жүрген кезінде Қалтайды Республиканың бірінші басшысы Дінмұхаммед Қонаев қабылдауына шақырыпты.

– Қалтай, осы Олжас екеуіннің басың бір қазанға сыймай жүрген сияқты, саған басқа бір қызмет тапсырайын. Анау кинокомитетінің бастығы Ләйла Ғалымжанқызына орынбасар болып барсаң қайтеді, – дейді. Сонда Қалтай:

– Рахмет, Димеке, мен екі бірдей қатынға қалай орынбасар боламын! – десе керек.

– Қалайша екі әйелге орынбасар боласың! – деп, Димекең таңданыс білдіреді.

– Енді, Димеке, жұмыста Ләйлаға орынбасар болсам, үйге келген кезде келініңізге орынбасар болсам, менің не тамтығым қалады?! – депті Қалтай. Димекең бұл сөзге мырс етіп бір күліп алыпты да, Қалтайды Киномотографистер одағының төрағасы қызметіне тағайындатыпты.

* * *

Қалтай оқырман қауыммен кездесу өткізіп жатса керек. Әр түрлі сұрақтар қойылып, оған Қалтай әдеттегідей ұшқыр да тапқыр жауаптар беріп тұрады. Сонда бір кекселеу әйел Қалтайды сынамақ болып:

– Карл Маркстің «Капиталын» қысқаша қалай түсіндіріп берер едіңіз? – деп тосын сұрақ қойыпты. Қалағаң болса еш мүдірместен:

– Айналайын, қарағым, Маркстің үш томдық «Капиталында» айтылған ойды біздің қазақ баяғыда үш-ақ ауыз сөзбен түйіндеп қойған. Жай түіндемей, халықтың санасына өшпестей етіп сіңіріп жіберген. Ол үш ауыз сөз былай айтылады: бірінші томдағы ойды «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген; екінші томдағы ойды «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген; үшінші томдағы ойды «Бай байға құяды, сай сайға құяды» деген. «Капиталдың» қысқаша түйінін енді түсіндіңіз бе?! – деген екен.

Ел аузынан жинаған:
Ақселеу СЕЙДІМБЕК

Материалдар massaget.kz сайтынан алынды.

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының талантты балалары

Айсұлу МОЛДАШ

Әлихан БОЛАТ

Айару ТЫНЫБЕК

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Зарина БЫЖЫБЕК – тілші
Гүлнұр БАЙМҰХАН – тілші

Кезекші редактор: З. БЫЖЫБЕК.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 612
Индекс 15534